Қаздауысты ҚАЗЫБЕК: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

СЕНБІ,
24 ЖЕЛТОҚСАН, 2022 жыл №143 (23 173)

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

AMANAT

Жаңа төраға, тың міндет

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел аумағында «AMANAT» партиясы филиалдарының конференциялары өтуде. Мұндай саяси үрдіс партияның Қарағанды облыстық филиалында да жалғасын тапты. Кезектен тыс XXXIX конференцияда ашық дауыс беру арқылы Бекзат Алтынбеков «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы болып сайланды.

Конференцияға «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Асхат Оралов, аймақтағы саяси кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары қоғамдық кеңес мүшелері, бастауыш партия ұйымдары және «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері қатысты.

Алдымен, осыған дейін партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы болған Бекзат Алтынбеков жыл ішінде атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды. «AMANAT» партиясының ұйытқы болуымен аймақта жүзеге асырылған іргелі істерді тілге тиек етті. Партияның халық алдындағы зор жауапкершілігі ел мүддесінің негізі екендігін, халық игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстарға жауапкершілікпен қараудың маңыздылығына тоқталды.

– Биыл өңірде 400 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Қарағанды және Теміртау қалаларындағы 2 мыңнан астам тұрғын үйге газ желілері тартылды. Облыс аумағындағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде 2 мың орын ашылды. Қарағанды қаласында 28 балалар спорт алаңы орнатылып, 600 оқушыға арналған мектеп салынды. Шахтинск қаласында аутизмге шалдыққан балаларды қолдау орталығы ашылды,– деді Бекзат Алтынбеков.

Бүгінде аймақта 33 мыңнан астам партия мүшесін қамтитын 271 бастауыш партия ұйымы жұмыс жасайды.

Қарағанды облыстық мәслихатындағы «AMANAT» партиясының депутаттары атқарған жұмысы туралы партияның депутаттық фракциясының басшысы Қадиша Оспанова баяндады. Мәселен, халық қалаулылары балаларға арналған шипажайларды қаржыландыру тәсілін қайта қарап, өңірде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша бірқатар бастама көтерді. Сондай-ақ, аманаттық депутаттардың қолдауымен Қарағандыда мүмкіндігі шектеулі және онкологиялық аурулары бар балаларға арналған паллиативтік орталық ашылды.

– Биыл депутаттық корпус 11 сессия өткізіп, онда партияның сайлауалды бағдарламасында белгіленген міндеттер талқыланды. Қабылданған 125 шешімнің 22-сі – нормативтік-құқықтық актілер. Депутаттардың негізгі жұмыс бағыты – сайлаушылармен кері байланыс орнату. Сайлаушылармен 500-ге жуық кездесу ұйымдастырылды. Азаматтарды жеке қабылдау үнемі өтеді, – деді ол.

Облыстық партия филиалының төрағасы сайланған, 2022 жылы атқарған жұмысы және алдағы міндеті пысықталған конференцияда партияның Атқарушы хатшысы Асхат Оралов аманаттықтардың алдында демократиялық қағидаттарға негізделген Әділетті Қазақстанды құру міндеттері тұрғанын атап өтті.

– «AMANAT» партиясы – Мемлекет басшысының қоғамдық тірегі. Оның басты міндеті – Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларын іске асыруға қолдау көрсету үшін азаматтарды біріктіру. Бұған біздің күш-қуатымыз жететініне сенімдімін. «AMANAT» партиясының мүшелері – тұғырда тұрған тұрақтылықты сақтауды, әділдікті қолдауды, әр отбасының әл-ауқатын арттыруды көздейтін белсенді адамдар,– дей келе, аманаттықтар әр аймақтың ерекшелігін ескере отырып халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған партиялық жобаларды іске асыру жұмысын күшейтуі тиіс екендігін баса айтты.

Шара барасында партияның облыстық филиалының жаңа төрағасы Бекзат Алтынбеков өзіне сенім білдірген әріптестеріне алғысын жеткізді. Қалалық мәслихаттың хатшысы Құдайберген Бексұлтанов төрағаның жұмысына сәттілік тілеп, зор сенім білдірді.

● СҮЙІНШІ!

Үздік спорттық өңір

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Астанада Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінде 2022 жылды қорытындылаған салтанатты жиын өтті. Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев «Үздік спорттық өңір» номинациясы бойынша марапатталса, Алан Құрманғалиев Қазақстан тарихында үстел теннисінен тұңғыш әлем чемпионы және Азия чемпионатының жүлдегері атанған «Жастар мен жасөспірімдер құрамының үздік спортшысы» номинациясының жеңімпазы атанды.

– Биыл біз жалаулы жеңістер мен толайым жетістіктерге жеттік. Бірақ алда әлі көп жұмыс бар. Endigi жылғы Олимпиадаға даярланып, командаларымыздың ең көп лицензия жеңіп алғаны маңызды. Әрине, басты мақсат – «Париж-2024». Төртжылдықтың басты жарыстарында біз лайықты нәтиже көрсетуіміз керек, – деді Мәдениет және спорт министрінің орынбасары Серік Жарасбаев құттықтау сөзінде.

Мамандандырылған ведомство өкілдері ғана емес, қоғам қайраткерлері де кіретін арнайы комиссия өңірлерде жүргізілген жұмыс нәтижелерін бірнеше критерий бойынша бағалады. Бұл бұқаралық спортты, инфрақұрылымды дамыту, жаңа қызықты жобаларды іске асыру және басқа да маңызды бағыттар.

– Әрине, еңбегіміздің жоғары бағалануы – біз үшін мақтаныш. Бұл ең алдымен, облыс әкімдігі қолдауының нәтижесі. 2022 жылы шын мәнінде көп нәрсе жасалды, мүгедектер спорты саласында жаңа жобалар іске асырылды. Біз бұл жоғары межені сақтауға тырысамыз, әсіресе, алдағы жылға біздің өңірде спортты дамыту бойынша көптеген жоспарлар бар, – дейді Темірхан Абылаев.

● САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Бомба қою «ойыны» эвакуация туралы ойлантады

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бейсенбі күні бейуақытта емес, тападай тал түсте Қарағанды қаласының басындағы бақандай 12 мектепке бомба «қойылып», қаперсіз отырған талай қызметті әп-сәтте әбігерге салды. Мектебінде қамсыз жүрген оқушы, мұғалім атаулы үдере көшкені туралы ақпарат жер-көкті лезде шарлап кетті. Оның алдында бір апта бұрын Теміртау қаласында 12 жастағы бала осылай «ойнаған». Ол мектебіне жарылғыш қойылғаны туралы «әзілдеген-ді». Сөйтіп, жұртты дүрліктірген. Баланың олай етуіне себеп – «үйіне ерте қайтқысы келгендігі». Қош. Ол бір мектеп. Мына арада аттай 12 мектеп. Апта өтер-өтпесте Қарағандының он екі мектебіндегі ел «жарылғыштан» жапа тармағай далаға қашты. Қарағанды полиция департаментінің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, абырой болғанда, жарылғыш зат мектептерден табылмаған. Ал мұны кімнің ойыны осылып жасағаны әзірге беймәлім. Бала ма, ересек пе? Оны тергеу орындары анықтайды. Бірақ, бұл – «ойын» ойлантатын «ойын». Тағы бір тыңғылықты ойлану қажеттігін ескертіп қойды. Ол – бала қауіпсіздігі. Ол – эвакуация мәселесі.

3-бетте

● КӨКЕЙКЕСТІ

Блогерге иланасыз ба?

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ертең тағы күн келмек. Күннен кейін түн келмек. Сенсіз жаным интернет, қазақ қалай күн көрмек» деген Ақберен Елгезектің бір шумақ өлеңін біреу білсе, біреу білмес. Қазір әрбір адам – media. Сіз бен біз блогерліктің айналасында ой қорытып көреміз. Осындай web-мүмкіндіктер дәуірінде, Сіздің де әп-сәтте танымал болып, блог жүргізіп кетуіңіз кәдік. Оған жұрт неге әуес? Әлеуметтік желінің құлағында ойнап, кейде қарақан жұрт пен билік өкілдерін әбігерге салатындар немен айналысып, ақшаны қайдан табады. Шолу жасап көрелік.

5-бетте

● БӘРЕКЕЛДІ!

Әріптестеріміз жүлделі

Қарағанды облыстық дін істері басқармасы ұйымдастырған журналистер арасындағы байқауда әріптестеріміз жүлделі болып, медиахолдинг мерейін асырды.

«Мерзімді басылымдағы үздік мақала» аталымында I орынды «Орталық Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі Жәлел Шалқар, II орынды «Индустриальная Караганда» газетінің тілшісі Самал Ахметова алды. Ал, III орын Жансая Амантайға бұйырды.

«Интернет БАҚ-тағы үздік материал» бойынша «LIFE09» ақпарат агенттігінің редакторы Аяжан Кеңесбек жеңімпаз атанды.

Өз тілшімізден

● ГРАНТ

Жастан-идея, биліктен-қолдау

Бүгінгі жас – Жаңа Қазақстанның жанды бейнесі, ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Сол себепті, жастар мәселесі қай кезде де күн тәртібінен түскен емес. Соңғы уақытта облыста жастар саясаты маңызды стратегиялық сипат алып келеді. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен жастар кеңесінің отырысында айтылды. Жастар бастамашылығын қолдау мақсатында үлестірілетін облыс әкімінің дәстүрлі гранты табыс етілді. Бұдан бөлек кеңес барысында жастар саясатына қатысты бірқатар мәселелер көтерілді. Ол туралы газетіміздің келесі санында толығырақ оқи аласыздар.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас өскіннің өсуіне мүмкіндік беру, идеясын іске асыруға жағдай жасауда облыс тағы жақсы үрдістің бірі грант тағайындау. Жастардың бизнес идеясы алуан. Мәселен онда өндеу ісінен бастап, оқыту өнер саласын қамтыған.

Кір сабын өндірісін қолға алған Шыңғыс Қадырбаев (Нұра), жүн өңдеу кәсібін кеңейтпек болған Дархан Залымбаев (Абай), «Art English» өнер және білім студиясы жобасы бойынша Екатерина Бортникова (Теміртау), «GRAND PIANO» фортепиано мектебі жобасымен Абылай Уматов (Қарағанды), «Алғашқы медициналық көмек» оқыту орталығы жобасымен Гүлмира Төреғожина (Қарағанды), «Тауыққа арналған құрама жем өндірісі» Анастасия Карпатович (Шахтинск) 2 млн. теңге көлеміндегі грантқа ие болды.

– Әкем екеуіміз сабын өндірісін қолға алдық. Себебі, дүкендегі сабын бағасы қымбаттап кетті. Осы орайда, халыққа қол жетімді бағада өз өнімдерімізді ұсынайық дедік. Шикізатты Қарағанды және Астана қалаларынан аламыз. Ешқандай химиялық қоспаларсыз дайындаймыз,-дейді Нұра кентінің тұрғыны Шыңғыс Қадырбаев.

Жастар – жарқын болашақтың жаршысы, кемел келешегі дейтін болсақ, жастар саясаты қашанда маңызды. Кеңес отырысында атқарылған жұмыстар, көтерілген мәселелер өзінің өзектілігін еш жоғалтпайды. Әрі басты назарда болмақ. Осы орайда оларға зор қолдаудың да қажет екендігі шындық.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК.

● БРИФИНГ

Өнеркәсіп өрісі кеңейіп келеді

Жыл соңындағы көрсеткіштер көңіл тоғайтады. Облыс елдің жетекші өндірісті өңірі болып қала бермек. Өнеркәсіп саласы аймақ экономикасының жартысын құрап тұр. Мәселен, биылғы 11 айдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 3,5 трлн. теңгеден асқан. Бұл турасында облыс әкімінің бірінші орынбасары Вадим Басин мәлімдеді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңғыртылған жобалар жағдайы. Спикердің сөзінше, өңдеу өнеркәсібі экспортының көлемі 4 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл дегеніміз – 6,9% өсім. Облыс – ел экспортының жалпы көлеміндегі үлес салмағы бойынша республикада көшбасшы. Өңірден өндірілген өнім әлемнің 40-тан астам еліне экспортталуда. Соңғы уақытта өңірде жаңа өнім түрлері экспортталуда. Болат сым мен арқандар, ферроқорытпалар, барит концентраттары, түрлі биокешендер, отқа төзімді материалдар – ел өндірісіне тың серпін.

Облыстың тау-кен металлургиялық бағытының басымдығын ескерсек, машина жасауда тау-кен-шахта жабдықтарына қызмет көрсету ерекше дамыған. Бүгінде өңірде 106-ға жуық машина жасау кәсіпорны жұмыс істейді. Оның 20-сы – ірі және орта кәсіпорындар. Ағымдағы жылы бұл ошақтар 31,9% өсіммен 163 млрд. теңгеден астам сомаға өнім өндірген көрінеді. Мұнымен бірге, бәсекеге қабілеттілікті сақтау және жаңа нарықтарға шығу үшін кәсіпорындарда өндірістік үдерістерді жаңғырту жүргізілуде. Шар клапандары, көтеру және тасымалдау жабдықтары, жарықдиодты шамдар, ауа сүзгілері секілді өнімнің жаңа түрлері өндірістік айналымда.

Huatong компаниясы қытайлық инвестормен бірлесіп, құны 13,7 млрд. теңге болатын кабельдік өнімдерді өндіру жөніндегі жобаны іске асыруға кіріспек. Бұл – келер күндердегі 258 жаңа жұмыс орны деген сөз. Жобаны іске қосу 2025 жылға жоспарланған. Саран қаласында бұрынғы РТБ зауытының базасында HOWO жүк автомобильдерін өндіру жобасын іске асыру да игі бастама. Инвестициялардың жалпы көлемі – 3 млрд. теңге. Жыл сайын 1200 бірлік арнайы техника мен арнайы көлік шығару көзделген. 180 жұмыс орны құрылады. Жобаны іске қосу 2024 жылға тиесілі.

Құрылыс қарқыны бәсеңсімейді. Облыс аумағында 200-ден астам құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорын жұмыс істейді. Цемент, темірбетон металлопластика бұйымдары, раковиналар, радиаторлар, сортты прокат металл және пластик құбырлар, кірпіштер, табиғи құмдар, қиыршық тас, құрғақ құрылыс қоспалары сияқты тауарлық өлшемдер бойынша өндірістік бірлестіктер аз емес.

Тізбектей берсек, жыл қорытындысы бойынша сала өндірісінің көлемі 167,7 млрд. теңгені құрады. Индустрияландыру жылдарында 22 жоба іске қосылған. 30 млрд. теңге инвестицияланды.

Арнайы экономикалық аймақ аумағындағы «Изоплюс Орталық Азия», Теміртаудағы «Карцемент», «Seven Refractories Asia», Сарандағы «ККК Бетон», «Трубпром» «Forever Flourishing» өнімдерінің берекетін былайғы ел сезініп жүр. Аталған жобалар – өсудің жаңа серпіні, облыс экономикасын әртараптандыру бойынша жұмысты жалғастыруға тың мүмкіндіктер.

Жеңіл өнеркәсіп бағытындағы соны ізденістер көп жайды алға тартады. Бұл бағытта еркін экономикалық аймақтар, несиелеу, оқытуға квоталар мен гранттар, мемлекеттік инвестициялар сынды кешенді отандық жеңіл өнеркәсіпті қолдаудың бірқатар шаралары іске асырылуда. Облыс аумағында 50-ге жуық жеңіл өнеркәсіп орындары жұмыс істейді, олардың 95%-ы – шағын кәсіпорындар. 2022 жылдың қаңтар-қараша айларында олар 2,4% өсіммен 6 млрд. теңгеге өнім өндірді.

Саланың негізгі үш бағыты – жалпы көлемнің 75,4% үлесі бар киім өндірісі. Кәсіпорындар жыл сайын өндіріс көлемін ұлғайтуда. Жыл басында «Temirtau associates and ancillaries» Теміртау тігін фабрикасы Ақтау кентінде 28 жұмыс орны ашылған жаңа цехты іске қосты. Өңірде тоқтап тұрған нысандарды қалпына келтіру жұмыстары да жалғасуда. Мәселен, 2017 жылдан бастап Абай тігін фабрикасының өнеркәсіптік кешенін қалпына келтіру бойынша инвестициялық жобаны іске асыру басталды. Бүгінгі таңда онда жұмыс киімдері мен төсек-орын жабдықтарының кең ассортиментін шығару жолға қойылған. Сондай-ақ, зауытта өз өнімдерін сататын дүкен ашылды. Келешекте фабрика жанынан жұмысшы мамандықтарына: тігінші, пішуші, слесарь-механик, конструктор-дизайнер, технолог мамандар даярлайтын жеке жоғары мамандандырылған колледж ашу жоспарлануда.

Химия және фармацевтика бағытында да оң динамика байқалады. Саланың негізгі кәсіпорындары — «Қазақмыс Смэлтинг», «АрселорМиттал Теміртау», «ТЭМК», «Линде Газ», «Эгофом». 11 ай қорытындысы бойынша сала өндірісінің көлемі 4,5% өсіммен шамамен 64 млрд. теңгені құрады. Соңғы жылдары 3 жоба іске асырылды, 62 жұмыс орнын құрумен 28,1 млрд. теңге инвестицияланды.

Саранда «Евромет» көмірінен металлургиялық коксты ілеспе ала отырып, жылу-техникалық кешен салынды, жобаның құны 45 жұмыс орнын құрумен 500 млн. теңге.

Қарағандыда 11 жұмыс орнын құра отырып, жобаның құны 155,0 млн. теңге болатын «ҚазИнМетр» газ бақылау аспаптарын баптау үшін салыстырып тексеру газ қоспаларын өндіру жолға қойылған.

Фармацевтика саласының кәсіпорындары да тұрақты жұмыс істейді. «Қарағанды фармацевтикалық кешені», «Фармация 2010» және «Қарағанды фармацевтикалық зауыты» облыс өндірісінің 90% құрайды. Оның ішінде бизнесті қолдау бағдарламалары шеңберінде жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Өткен жылы Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырысы бойынша 7 млн. астам «Спутник – V» вакцинасы шығарылды.

Инвестиция – имидж бен игілік. Өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша жұмыстар жоқ емес. Тың жобаларды сүйемелдеу бойынша арнайы регламент әзірленді. «Бір терезе» қағидаты бойынша кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының жұмысы жалғасты. Инвесторлар үшін жеке «Шоу-бөлме» ашылды. Ендігіде инвесторлармен барлық кездесулер әкімдікте емес, сол жерде өтпек. Қажет болса, «Шоу бөлмесі» іс адамдары үшін жұмыс кеңсесіне айналады.

Қорытындылай келгенде, инвестиция көлемі 595 млрд.теңгеден асты. Жалпы, жыл соңына дейін 671 млрд.теңге инвестиция тартуды жоспарлап отырмыз. 2023 жылға біз 700 млрд. теңгеден төмен емес инвестицияларды қамтамасыз ету міндетін қойып отырмыз. Бұл біз үшін мүмкін болатын міндет. Бүгінгі күні, 2022-2027 жылдар кезеңінде Қарағанды облысында өнеркәсіптің түрлі салаларында 55 инвестициялық жобаны іске асыру жүзеге асырылуда, – деді Вадим Борисович.

Брифинг барысында көптің көкейінде жүрген «Қарағанды кәмпиттері» кондитерлік фабрикасының ахуалына қатысты сауал жолдаған болатынбыз. Спикер мәселенің ұзақ уақытқа созылып кеткенін жасырмады.

– Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде де «Қарағанды кәмпиттерінің» бұрынғы даңқын асыру турасында түрлі ойлар әлі де айтылып келеді. Бар мәселе заманауи технологияға келіп тірелген. Инвесторлардың тарапынан қала аумағында су жаңа ғимарат салынып, заманауи қалыптағы әлемдік стандарттарға сай келетін фабрика жұмысын бастайды деген уағда алып отырмыз. Нақты дерек пен дәйек келтіру әлі ертерек. Алайда, құйылар қаражат көлемі өте қомақты. Келесі жылдан бастап құрылыс жұмыстары басталады деп күтілуде. Ендігі жылы халық ондай қуанышты жаңалыққа да куә болады деген сенім білдіреміз, – дейді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Балық та «тұншығады»

Иә, судағы балық та «тұншығады».

Қылышын сүйреткен қыстың әмірімен су атаулы мұз құрсанды. Сірескен көк сауыт ауа өткізбейді. Мұз астына оттегі жетпейді. Күн түспейді, оттегі тапшы – табандағы өсімдікте фотосинтез тоқтайды. Фотосинтез тоқтаған соң солады. «Жығылғанға жұдырық», солған шөп шірігінен метан мен күкіртсутегі көптеп бөлінеді. Оттегі жоқ, күкіртсутегі көп – мұз астындағы тіршілік қырылып қалуы ғажап емес. Міне, осы уақытта балық шаруашылығы инспекторлары көмекке келеді.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әрине, Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының инспекторлары мұз астындағы жағдайды бес саусағындай біледі. Сондықтан да, су бетіндегі мұз қалыңдаған сәттен сүйменін сайлап, ойық оюға кіріседі. Мәселен, кеше инспекцияның бір топ маманы Қарағанды орман шаруашылығының қызметкерлерімен бірге Қарағандының іргесіндегі Федоров су қоймасына арнайы барды.

Инспекторлар, әсіресе, резервтік қордағы нысандарды жіті қадағалайды. Біздің аймақта бұл санатқа 97 су айдыны енеді.

– Облыста 201 су айдыны бар. Оның ішінде, 104 айдын балық шаруашылықтарына бекітілген. Ал, 97 айдын резервтік қорға кіреді. Бұл суларды инспекция қараса, балық шаруашылықтары өздеріне қарасты нысандардың күтімін мойнына алады, – дейді «Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» РММ басшысының орынбасары Бекзат Махажанов.

Жұмысына салғырт қараған шаруашылықтарға шара қолданылады. Егер, бекітілген айдында балық қырылуы, судың ластануы сынды оқиғалар үш мәрте орын алса, сенімгерлік басқару келісімшарты бұзылады.

Ал, резервтік қордағы көл-тоғандарда инспекторлар кестеге сәйкес анализ жүргізіп отырады. Қажетіне қарай ойық ою, өзге де аэрация жұмыстары атқарылады.

Ойық ою дегеніміз түсінікті. Ал, аэрация – су астына оттегі жіберу әдісі. Яғни, судағы еріген оттегінің үлесін арттыруды көздейді. Үйдегі аквариумде де осы аэрация тәсілін қолданамыз.

Аэрация биологиялық, химиялық және механикалық деп бөлінеді. Ең қолжетімді және кең таралған түрі – механикалық аэрация. Біздің жағдайда ойық ойып, сол ойыққа қамыс толтырылады. Артықшылығы – ойық қайта қатқан соң да қамыстың өзегі арқылы ауа барып тұруы тиіс.

Ойықтар кез келген жерден жасала бермейтінін ескеру қажет. Мүмкіндігінше айдынның ортасын таңдаған жөн. Және судың қатпаған қабаты жарты метрден асуы шарт.

Инспекторлар су түбіндегі тіршілікті күн жылығанша қадағалайды. Желтоқсан айынан бастап, наурызға дейін мұз астына ауа жіберумен айналысады.

● САЙЛАУ

Сенат депутаттарын сайлау қалай өтеді?

Орталық сайлау комиссиясында Парламент Сенатының депутаттарын сайлау қалай және қай мерзімде өтетіні хабарланды. Үміткерлерді ұсыну 29 қарашада басталып, 14 желтоқсанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталған-тын. Сайлау алдындағы үгіт-насихатқа 19 күн бөлінді. 24 желтоқсаннан 13 қаңтарға дейін. 13 қаңтар – тыныштық күні. 14 қаңтар – дауыс беру күні. 20 қаңтарға дейін Орталық сайлау комиссиясы сайлау қорытындыларын жариялайды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Сенат депутаттығына кандидаттарды ұсыну екі жолмен жүргізіледі. Біріншісі – облыстық, республикалық енгізілетін қалалардың және Астананың, аудандық мәслихаттардың сессияларында. Оларға саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер мәслихаттар өкілдері арқылы Парламент Сенатының депутаттығына кандидатуралар ұсынады. Бұл ретте бірнеше мәслихаттан бір кандидат ұсынылуы мүмкін. Екіншісі – өзін-өзі ұсыну тәртібімен. Кандидатты облыстың барлық мәслихаттарын, республикалық маңызы бар қаланың немесе Астананың мәслихатын білдіретін таңдаушылардың жалпы санының кемінде 10 пайызы, бірақ бір мәслихаттың таңдаушыларының 25 пайызынан аспайтын дауысы қолдауға тиіс. Сайлаушыларды қолдау қол жинамен куәландырылады. Әрбір таңдаушы Сенат депутаттығына бір ғана кандидатты қолдауға өз қолын қоюға құқылы, – деп түсіндірді Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Константин Петров.

Кандидат тіркелгеннен кейін қол сот шешімінің негізінде ғана қайтарылады. Сайлаушылар тізіміне облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе Астана аумағында орналасқан мәслихаттардың барлық депутаттары кіреді.

Сенат депутаттығына кандидаттарды тіркеу төмендегі құжаттары болған кезде басталады:

– кандидатты мәслихат ұсынған жағдайда мәслихаттың депутаттыққа кандидат ұсыну туралы шешімі;

– мәслихаттан ұсынылған үміткердің депутаттыққа кандидат ретінде сайлауға түсуге келісім беру туралы өтініш;

– азаматтың өзін-өзі ұсынған жағдайда депутаттыққа кандидат болып сайлануға ниеті туралы өтініші;

– кандидаттың өмірбаяны;

– кандидатты қолдау үшін таңдаушылардың қолдарын тексеру нәтижелері туралы аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары;

– кандидаттың және оның жұбайының немесе зайыбының кірістері мен мүлкі туралы декларацияны тапсырғаны туралы Мемлекеттік кіріс органының анықтамалары;

– кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжаттар.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 14 қаңтарға Парламент Сенатының депутаттарын сайлауды тағайындау туралы қаулы шығарды.

Бомба қою «ойыны» эвакуация туралы ойлантады

(Соңы. Басы 1-бетте)

«22 желтоқсан күні сағат 11.00-ден бастап Қарағанды қалалық полиция бөлімдерінің кезекші бөлімшелеріне қаладағы бірқатар мектептерде жарылғыш зат орнатылғаны туралы хабарламалар түсе бастады. Жарылғыш зат туралы хабарламалар мектептердің электрондық поштасына түскен. Қарағанды облыстық полиция департаментінің жедел кезекшісімен мектептерге барлық жедел қызметтер жұмылдырылды. Ол жерлерді тексеру барысында ешқандай жарылғыш зат табылған жоқ.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 273-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Қазіргі уақытта полиция қызметкерлері хабарламаны жіберген адамды анықтау бойынша кешенді іс-шаралар жүргізуде.

Қазақстанда терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны үшін бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл (бүгінгі күні – 14,5 млн.теңге) не сол мөлшерде түзеу жұмыстарымен, сондай-ақ бес жылға дейінгі мерзімге шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделген», – деп мәлімдеді Қарағанды облысының полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Ата-ана, балалардың түсірген бейнежазбасы интернет кеңістікті кезіп кетті. Мұны көрген қоғам мүшелері мектептердің эвакуация жағдайына дайын емес-тігін атады. «Аттан!» дегенде асыға-үптіге есікке ұмтылып, көптің шығуына кедергі келтірмейтіндей қарекетке қаншалықты даярлығын осындай «ойындар» сынап жатса керек.

Расы керек, бейбіт тірлік елді эвакуация туралы аса ойлантып көрмепті. Оған пәлендей бас қатырмағанымыз өтірік емес. Енді мына жағдай, «жаман айтпай, жақсы жоқ», күн туса, қайтпек керектігін ескертті.

Әлбетте, мектептерде жылына екі, әлде үш рет дабыл соғылады. Сонда «басқа іс түскенде қалай қыламыз?» деген жайт пысықталады. Ішінде небары белгісіз. Сондықтан бұған да тыңғылықты дайындық қажет. Себебі мұнда бәсте болашағымыз тұр.

Бала қауіпсіздігіне немқұрайлымыз деп, бәрін жоққа шығару – әбестік. Ел ішіндегі біраз жаға ұстатар ауыр оқиғалардан соң әжетханаларды, әйтеуір, мектеп ішіне жинап үлгерді қоғам. Одан соң есік аузында қалғып-мүлгіген күзетші кейуана мен қыз-келіншектерден құралған «вахтер» деген күзеттен құтылғандай еді. Турникеттер қойылды. Есікте тұрған «әйел» атаулының орнына «күзет» деген жазуы бар арнайы киімді басқа қыз-келіншектермен «алмастырдық». Иә, алмастырдық.

Өйткені, бұлардың киімі ғана «күзет». Өздеріне бір-бір күзет керек сол баяғы әйел заты. Барлық мектепке дердік бейнебақылаулар орнатылды. Осыдан соң ауызды құр шөппен сүрту – ұят. Десек те, реті келген соң айтпасқа тағы амал жоқ.

Бәріміздің ішіміз сезеді. Көлденең қойылған турникет пиғылы жаманға кедергі емес. Оған қоса бес қаруы сай емес «охрана» қыз-келіншектер де. Мектепке мамандандырылған күзет керек. Кәдімгі бес қаруы сайма-сай, сайдың тасындай іріктелген жауырыны қақпақтай қарулы жігіттері бар. Бір жұдырығы бір пұт дегендей. Әйтпесе, өзгесі өзімізді-өзіміз алдау ғана.

Эвакуация мәселесі де дәп сондай. Жылына бір-екі «дабылға дайындық» кешегідей оқиға шындыққа шықса, қамсау емес екен. Бұрын арнайы оқу-жаттығудан өтпеген соң сасып-салдырап, мектеп ішінен уақытында шыр айналып шыға алмай қалу қаупі орасан. Жамырай ұмтылып, жаппай бірін-бірі таптап кетуді айтпағанда.

Одан соң әлеужелідегі бейнежазбадан көргеніміздей, мектептен шыққан соң оның ауласында қызықтап тұру да – эвакуациядан хабары бар, есі дұрыс адамның түзу «тұрысы» емес. Эвакуациядан иіс алмағандықтың бір белгісі. Әйтпесе, жарылғыш заттың жарты метр түгілі жүз метр жердегіні жұлып әкететін күші бар емес пе?! Эвакуация туралы білеріміздің таяздығын осыдан-ақ аңғарамыз. Ал, бұл да мамандандырылған күзет секілді мәні зор дайындық.

Сондықтан кешегі 12 мектептің мәселесі оған келген материалдық шығынын есептеумен, айыптыларды жауапқа тартумен ғана шектелмеуі тиіс. Жағалай отырып, эвакуация жайын пысықтау қажеттігін де ескертеді. Кеш болмай тұрғанда...

Аузымыз жаман дей көрмеңіз...

● МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Күн тәртібінде – маңызды мәселелер

Бейсенбі күні өткен облыстық мәслихаттың кезектен тыс XXII сессиясында облыстық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамы бекітілді. Сондай-ақ, күн тәртібінде өзге де мәселелер қаралған сессия жұмысына облыстық мәслихат хатшысы Серік Өтешов төрағалық етті.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен депутаттар облыстық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамын бекітті. Бұл мәселе бойынша облыстық мәслихат депутаты, уақытша комиссияның төрағасы Жанна Штергер баяндама жасады.

Аймақтағы кадрлық өзгерістерге байланысты Қарағанды облыстық сайлау комиссиясында бес орын босап қалған еді. Бос орындарға саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер өз кандидаттарын ұсынды.

– Облыстық сайлау комиссиясының құрамы облыстық мәслихаттың 2019 жылдың қаңтарындағы шешімімен бес жыл өкілеттік мерзімге, яғни, 2024 жылға дейін жасақталған еді. Алайда, кейбір мүшелер өз қалауы бойынша құрамнан шықты. Сондықтан, бес бос орын пайда болды. Сәйкесінше, облыстық мәслихаттың облыстық сайлау комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу жөніндегі уақытша комиссиясы құрылды. Белгіленген мерзімде – 1-15 желтоқсан аралығында үш саяси партия мен екі қоғамдық бірлестіктен бес ұсыныс түсті. Үміткерлер қызметке сәйкестік тексерісінен өтті. Барлығы «Сайлау туралы» ҚР Конституциялық Заңының 19-бабының талаптарына сәйкес келеді. Яғни, соттылығы жоқ, әрекет қабілетінде шектеу жоқ. Бір ұйымның қызметкерлері болып табылмайды, осы комиссияның құрамын құраған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұрады, – деді Жанна Штергер.

Сонымен, облыстық сайлау комиссиясының құрамына «Ауыл» ХДПП мүшесі Сандуғаш Асылбекова, «Қазақстан азаматтары» ҚБ өкілі Айғаным Ақпанова, AMANAT партиясының мүшесі Қайрат Нұркенов, «Қызмет» мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ өкілі Евгений Русаков және Қазақстан Халық партиясының мүшесі Саян Есмағанбетов кірді.

Бұдан бөлек, тағы бірнеше облыстық, өңірлік деңгейдегі комиссияның, консультативтік-кеңесші органның құрамындағы өзгерістер бекітілді. Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары, лауазымдық нұсқаулықтарына енгізілген өзгерістер қолдау тапты.

Сондай-ақ, облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 27 ақпандағы «Қарағанды облысының аумағында иттер мен мысықтарды күтіп-бағу және серуендету қағидаларын бекіту туралы» №505 шешімінің күші жойылды. 8 желтоқсанда өткен кезекті XXI сессияда жаңа ереже бекітілген еді.

Облыста бұралқы ит мәселесі өткір тұрғаны белгілі. Иесіз жануарларды аулау жұмысы аулау қызметінің басшысы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі. Кесте арнайы мониторинг нәтижесіне сәйкес түзіледі. Яғни, мұнда иттер жиі жиналатын жерлер бақыланып, саны туралы ақпарат есепке алынады. Қоғамдық орындарда иесіз жүрген иттер де, мысықтар да осы санатқа кіреді.

Аулағанда иттерге, қоршаған ортаға зиян келтірмеу шарт. Ал, қауіп туса, иттерді қимылсыздандыруға арналған препараттарды қолдануға рұқсат беріледі. Іс-шараны екі куәгер растауы қажет немесе бейнекамераға түсірілсе, жеткілікті.

Ауланған ит уақытша ұстау пунктіне қамалады.

Ал, адамға, малға шапқан иттерді, оның ішінде, кемі үшеуден топтасқан үйір иттерін, науқас иттерді ізгілікті әдістермен (препарат, дәрі-дәрмек) өлтіруге рұқсат етіледі. Бұдан кейін өлекселер арнайы орындарда өртеледі, көміледі.

Сессия жұмысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сөз алды. 2023 жылға арналған жоспарымен таныстырып, келешекте атқарылуы тиіс бірнеше міндетке тоқталып өтті.

– Президент жүктеген басты міндетіміз – халықтың әл-ауқатын көтеру. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында бір кісідей жұмыла қызмет етеміз деген ойдамын. Бүгінде біздің алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының ахуалын жақсарту қажет. Бұл бағытта орындалуы тиіс шаруаның ауқымы кең. Инвестиция тарту мәселесі де маңызды. Инвестиция тарту арқылы өндіріс ошақтарын дамытамыз. Жергілікті өндіріс орындарын дамыту нәтижесінде халықтың тұрмысын көтереміз. Ауылдық жерлердегі тұрғындар да назардан тыс қалмайды. Мемлекеттік бағдарламаларды, басқа да тетіктерді барынша қолдану қажет. Келесі жылы біз денсаулық сақтау және білім беру салаларында үлкен құрылыстарды бастаймыз. 22 медициналық нысан мен 18 мектеп салу жоспарланып отыр. Сіздердің тараптан осы міндеттердің орындалу сапасын, мерзімдерін бақылау бойынша мониторингке белсенді қатысуды сұраймын, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Серік Балғатайұлы депутаттық корпус ел игілігі жолында қарап қалмайтынын жеткізді.

– Халық сенімін ақтау – басты борышымыз. Жаңа қоғамды, жаңа Қазақстанды құруға депутаттар қауымы да белсене қатысады деген сенімдемін. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара жұмыс істесек қана Президент қойған барлық тапсырмаларды оңай еңсере аламыз, – деді облыстық мәслихат хатшысы.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жаңарған көпір жұрт игілігіне

Бұқар жырау ауданындағы Ғабиден Мұстафин кентінде Нұра өзені арқылы өтетін автокөлік көпірін қайта жаңарту басталды. Болашақта ол жол аталған кентті Теміртаумен байланыстырады. Сондай-ақ, басқа бағыттар бойынша қосымша жол жүруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қарағанды – Теміртау – Токаревка облыстық маңызы бар автожолында Нұра өзені арқылы өтетін көпірді қайта жаңарту жұмыстары жүріп жатыр. Жол көлемі жалпы 12 шақырымға дейін. Жобаны келесі жылы аяқтау жоспарлануда», – дейді Бұқар жырау ауданы әкімдігі.

Ғабиден Мұстафин ауылының тұрғындары Нұра арқылы жаңа автокөлік көпірін салуды көптен бері сұрап келеді. Қазір олар айналма жолмен Теміртауға жету үшін бір сағаттай уақыт жұмсайды. 2015 жылғы су тасқынынан соң қайта қалпына келтірілген көпір болашақта жұрт игілігіне қызмет етеді деп күтілуде.

Дауа

Денсаулық беті

● СҰХБАТ

Роза БЕГАЙДАРОВА:

Тұмау жеңіл дерт емес

Биылғы маусымдық тұмау кезеңі үлкенге де, кішіге де оңай болмай тұр. Оның үстіне коронавирус та көбейіп барады. Қазан айынан бері жіті респираторлық вирус инфекциясымен 15 мыңнан астам адам ауырыпты. Оның жартысынан көбі 14 жасқа дейінгі балалар екенін айтады мамандар. Биылғы тұмаудың ерекшелігі, оның коронавирустан айырмашылығы, емдеу жолдары жайлы сауалдарымызға медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санаттағы дәрігер Роза Бегайдарова жауап берді.

– Роза Хасанқызы, жақында ғана Денсаулық сақтау министрі елімізде тұмаудың бірнеше түрі жүріп жатыр деді, оның ішінде шошқа тұмауы да бар екен. Биылғы тұмау түрлері қаншалықты қауіпті?

– Жыл сайын тұмаудың түрлі штамы жүреді. Биыл бізде тұмаудың А (H3N2) және В штамдары тіркелді, сонымен бірге, шошқа тұмауы бар. Одан бөлек, «омикрон» да айналымда. Коронавирус-пен ауырғандар көбейіп келе жатқанын көрсететін статистикалық мәліметтер келтіріледі. Тіпті, ауыр жағдайда жатқан, ӨЖЖ аппаратына қосылғандар да бар. Тұмаудың В штамына, басқа да вирустарға қарағанда А штамы қауіпті. Ол өте ауыр өтеді. Әсіресе, бір жасқа дейінгі балаларға, жалпы балаларға және жүкті әйелдерге қауіпті.

– Тұмау мен коронавирус белгілері ұқсас келеді. Дегенмен, оларды айыратын белгі бар ма?

– Айырмашылығы – олардың жұғу жолдарында. Мәселен, адамның тұмаумен ауырып тұрғаны айқын білінсе, ол басқаларға жұқтыра алады. Коронавирус болса, айқын белгілерсіз болуы мүкін. Адам өзінің КВИ-мен ауырғанын білмей өзгелерге жұқтыруы мүмкін. Ал, белгілері жағынан ұқсас келеді. Тек, коронавирус кезінде дене қызуы ұзақ уақыт түспейді және адам иіс, дәм сезбей қалады. Бұл симптом «омикронға» емес, оның алдындағы «дельта» штамы кезінде айқын байқалды. Жалпы, коронавирус балаларда жеңілдеу өтеді делінеді, десе де қатты ауырған балалар бар. Ал, тұмау балалар үшін аса қауіпті. Қазір бізге балалар көп түсуде. Оларда өте жоғары дене қызуы, интоксикация белгілері айқын байқалады. Аз уақыт ішінде тұмау балаларда вирусты немесе бактериалды пневмония тудыруы мүмкін. Бұл да қауіптің бірі. Жалпы, тұмау ойнайтын ауру емес. Ол орталық жүйке жүйесін зақымдауы мүмкін, менингит, пневмония, дененің тартылып қалуына себеп болуы мүмкін. Реанимацияда жатқан балалар бар.

◉ Соңғы үш айдың дерегі бойынша аймақта тұмаумен ауырғандар былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 30%-ға артқан. Оның 53%-ы 14 жасқа дейінгі балалар.

◉ Осы уақытқа дейін тұмаудың зертханалық расталған 286 жағдайы тіркелді. 57 адамда А1 тұмауы, 229 адамда В тұмауы.

◉ Биыл ресейлік «Гриппол» вакцинасының 172 200 дозасы алынды. Вакцинамен қамту облыс бойынша 14,3%. Оны алғандар арасында 14 жасқа дейінгі 36 294 бала, 3 507 жүкті әйел бар. Ақылы түрде 2 501 адам алған.



– Иә, расымен де балалардың көп ауырып жатқанын естіп жүрміз. Әдеттегі тұмау белгілерінен бөлек, құсу, іш өту сияқты белгілер байқалады. Оларды қалай емдеуге болады?

– Былай қарағанда бұл тұмау белгілері емес. Дегенмен, дене қызуы көтерілген жағдайда балалар құсады, ішек дисфункциясы, яғни, іш өту байқалады. Бұл аденовирус немесе ротавирусты инфекция болуы мүмкін. Не болмаса тұмау мен ротавирус араласып тұр деген сөз. Мұндай балаларды емдеу кезінде әрқайсына бөлек ем қолданылады. Вирус болса, вирусқа қарсы препараттар, бактериалды пневмония асқынса, антибиотиктер, биопрепараттар, аллергияға қарсы ем, ингаляция, мұрынды тазарту жасалады. Емдеу тек қана хаттама бойынша. Антибиотик вирусты инфекцияға мүлдем әсер етпейді, керісінше, жағдайын нашарлатып жіберуі мүмкін. Антибиотикті оңды-солды қолдану ішек дисбиозына алып келеді. Яғни, ішектегі пайдалы бактериялар жойылып кетеді. Сондықтан, оны тек қана дәрігердің нұсқауымен пайдалану керек.

– Бұл ретте неше түрлі халық емі де жарнамаланып жатады. Олардың нәтижесі бар ма?

– Ол негізгі ем емес. Дегенмен, қосымша ретінде бал, лимон не имбирь қосылған шай ішкен жақсы. Кейбір аналар балаларына сарымсақтан «моншақ» жасап беріп жатады. Оның барлығы негізгі емге қосымша.

– Алда мереке келе жатыр. Тұмаудың өрши түсетіні анық. Профилактика ретінде не істеу керек?

– Тұмау маусымына профилактика қазан, қараша айларында жасалуы керек вакцинация. Біздің кафедра оқытушылары, инфекционист дәрігерлер, барлық студенттеріміз гриппол+ вакцинасын алды. Тұмауға қарсы вакцина алған адам ауырса да, ол жеңіл түрде өтеді. Бұл – профилактиканың спецификалық жолы. Вирусқа қарсы препараттарды қабылдау, маска тағу спецификалық емес әдістерге жатады. Қазір дәріханаларда мұндай препараттардың түрі көп.

Негізінде, коронавирус кезіндегідей маска таққан дұрыс және арақашықтық сақтауға тырысу керек. Шырша мерекесінде балалардың бір-бірімен тығыз араласпауын қадағалаған жөн. Бұл жағынан қандай да бір шектеу жасалғаны дұрыс деп ойлаймын. Сыртқа, көпшілік жерге шығарда мұрынға виферон жақпасын немесе оксолин жағып шықса болады. «Тұмау ғой» деп қолды сілтеуге болмайды. Ол асқынса, басқа да ауруларды қозғайды. Тіпті, өлім-жітімге де алып келуі мүмкін. Сондықтан, ауырмауға тырысып, ауырса, дұрыс емделу қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

● БӘРЕКЕЛДІ!

Өмірлік маңызы бар дәрілер берілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоры сирек кездесетін орфанды ауруға шалдыққан 14 балаға дәрі-дәрмек алып берді.

Қор 14 науқас баланың емі үшін 1 млрд. 134 млн. теңге жұмсаған. Жалпы, аймақ бойынша барлығы 17 адамға алты түрлі препарат алынғанын хабарлады облыстың денсаулық сақтау басқармасы.

Сонымен қатар, басқарма қымбат тұратын дәрі-дәрмектер сатып алуға көмек беріп, осы арқылы сол отбасыларға зор қолдау жасаған «Қазақстан халқына» қорына алғыс білдіреді.

Сирек және ауыр науқасқа шалдыққан балаларды қымбат тұратын тіркелмеген дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету – қор бағытының бірі. Қараша айына дейін қор ел бойынша сирек және ауыр сырқаты бар 51 науқасты 11,3 млрд. теңге болатын дәрілік заттармен қамтамасыз етті. Бұл дәрілерді сатып алу қиын. Сондай-ақ, олар Ұлттық емдеу хаттамаларына енгізілмеген. Алайда, емделушілер үшін өмірлік маңызды. Сондықтан, оған қол жеткізу науқастың да, оның отбасына да үміт отын жандырды.

● COVID-19

Денсаулық сақтау министрлігінің 22.12 жылғы дерегі бойынша

● ДӘРУ

Адам денесі – Менделеев кестесі

«Жүректің ғана көзі өткір, ең маңызды нәрсе көзге көрінбейді» дейді Антуан де Сент-Экзюпери. Мен мұнымен келісемін. Адам – табиғат пен ғарыштың бір бөлігі екені бәрімізге мәлім. Бұл турасында дау айту қиын, себебі адам бізді қоршаған бүкіл әлем сияқты судан, минералдардан, атомдардан және жасушалардан тұрады. Биосфера және адам қолымен жасалған ноосфераға қатысты көптеген теориялар, жоққа шығарылған гипотезалар, аксиомалар бар. Адамның өмірі қоршаған ортаның жағдайына тікелей пропорционалды түрде байланысты екені анық. Алайда, адам қашанда өзінің түр, тұлғасы секілді болмыстың сыртқы аспектілерін ғана көреді, ішкі ағзасының қандай жағдайда екенін біле бермейді. Әдетте аурудың көзі адамның ішінде, түрлі элементтердің жетіспеушілігінде жатыр. Олардың алдын алу үшін бізді барлық жерде қоршап тұрған ұсақ бөлшектер әлеміне ену керек.



Суда немесе ауада, топырақта немесе тіпті көз алдыңызда болсын, мұның бәрі – микроэлементтер. Микро және макроэлементтердің ерекше ештеңесі жоқ, қарапайым минералдар болып көрінеді, бірақ оларға үңілсек, ғаламат дүниелерді байқауға болады.

Мектеп қабырғасында химия пәнін оқыдық, Менделеев атамыздың кестесі бәріне белгілі. Дәл осы кесте, дәлірек айтсақ, ондағы элементтер біздің денеміздегі әрбір жасушада бар. Адам ағзасында көп мөлшерде болатын негізгі биогендік заттар – макроэлементтер; калий, кальций, магний, фосфор, хлор – адам ағзасындағы үйлесімділікті үнемі сақтау үшін қажет. Оттегі, көміртегі, сутегі, азот сияқты заттар тек адамның ғана емес, бүкіл жер жаһанның негізі болып табылады. Осы заттардың арқасында жер бетінде тіршілік пайда болды деген теориялар мен дәлелдер бар. Бірақ макроэлементтерден басқа, микроэлементтер де бар екенін ұмытпаңыз. Егер адам ағзасындағы макроэлементтер көп мөлшерде болса, онда микроэлементтер аз мөлшерде болады.

Жылдан жыл, ғасырдан ғасыр ауысқан сайын адам өзінің әлсіреп бара жатқанын байқамайды. Оның бүкіл ағзасы немен қоректенетінін, қайда тұратынын және энергияны қайдан алатынын байқамайды. Егер адам баласындағы кез келген ауру мәселесін доктор Уоллоктың объективі арқылы қарастырсақ, барлық ауру микроэлементтердің жетіспеушілігінен және біздің көз алдымызда жатқан дәрі-дәрмектерден туындайды деген қорытынды жасауға болады. Мысалы, Альцгеймер ауруын талдай отырып, ол Е дәруменін қабылдау арқылы оның алдын алуға болады деген қорытындыға келді. Бүйректегі тастар, бұл организмдегі кальцийдің көптігі емес, керісінше, оның жетіспеушілігі. Ерте пайда болған варикоз – бұл доктор Уоллоктың пікірінше, денеде мыстың жетіспеушілігін дәлелдейді.

Мысалы, Орталық Қазақстан йод тапшылығы бойынша эндемиялық аудан болып табылады. Әрбір екінші қазақстандықтың қалқанша безінде диффузды өзгерістер бар. Неге десеңіздер, себебі, йод биогеопровинциялық дәрежеде Орталық Қазақстан аумағында айналмайды, яғни, ағзаға түспейді. Селен жетіспеушілігінен болатын аневризма және кардиомиопатия ауруларына шалдығуы мүмкін.

«Сіз минералды заттарды қабылдамаған сайын өміріңізді бірнеше күнге қысқартасыз» дейді доктор Уоллок. Әрине, бұл өкініштi. Қарапайым нәрсені білмеу немесе салғырттық өлім-жітімнің өсуіне, түрлі апаттар, эпидемияларға алып соғады және бұл бүкіл азамзатқа қатысты дүние. Бұл түсінікті зерттеген теориялар айтылды, адамның өзіне және табиғатқа зиян келтіретіні туралы дәлелдер келтірілді. Осы мақсатта дүние жүзі бойынша әлемді, қоршаған ортаны қорғау үшін көптеген ұйымдар құрылды.

Табиғат адамның бөлігі емес, керісінше, адам оның бөлігі. Біз табиғатпен өзара байланыстымыз. Жердегі, судағы және ауадағы барлық нәрсе адамда да болады. Сондықтан, топырақта, суда немесе ауада бірдеңе жоғалып кетсе, адамнан да жоғалады. Балаларымыздың жарқын болашағы үшін мұны ұмытпауға тиіспіз.

Арлан ЖАНАБІЛ,
Қарағанды медицина университетінің
III курс студенті

Дайындаған Жансая ОМАРБЕК

● ЕҢБЕК АДАМЫ

Еңбегі ерен Ерболат

Изенді ауылынан оңтүстік-батысқа қарай қиыршық тас жолмен «аттың терін алардай» жол жүріп (отыз бес шақырым), жатаған бір төбешіктен асып түссеңіз, алдыңыздан әп-әдемі, шағын ауыл шыға келеді. Сыйлы қонаққа ғана арналған сырлы тостағандай, іші-сырты тап-таза. Ақшаңқан үйлерін айтпағанда, тіпті қора-қопсысына дейін ерекше ұқыптылықпен күтілгені көзге ұрады. Ауылға алғаш рет жолы түскен жолаушының тамсанып, таң қалғанын жасыра алмасы анық.

Бұл – Алакөл ауылы! «Отқанжар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің №3 бөлімшесі. Әрине, кішігірім қалалар қаңырап, бос қалып жатқан мына заманда, шалғайдағы шағын ауылдың дәл осылай сақталуының сырын кім болсын білгісі келетіні анық. Ал, ұғынған соң «ауылына қарап азаматын таны» деген сөз орамының ақиқат екеніне көзі жетеді. Олай болса, таныстыру – біздің міндет. Бұл шағын ауылды дәл осындай күйге жеткізіп, он бес жылдан артық ие болып отырған осы бөлімшенің меңгерушісі Ерболат Күзембайұлы Әбдіхалықов деген азамат. Танитын елдің үлкен-кішісі Ербол немесе Ереке деп атап кеткен, атына заты сай жігіт ағасы жайындағы әңгімемді, енді әріден бастағаным жөн болар.

Ерболат Әбдіхалықов 1962 жылдың жетінші тамызында бұрынғы Целиноград облысы, Теңіз ауданы, Соналы ауылында дүниеге келген. Арғы атасы сол төңіректі жайлаған Темеш руының белді биі – Бөке би. Заманында атақты Кенесары ханның кеңесшісі деңгейіне дейін жетіп, ұлт-азаттық көтеріліске қолдау көрсеткен адам деседі (айтпақшы, ұрпақтары жиылып, биыл бабаларының бейітін қоршап, басына тас орнатып, Құран бағыштады). Ерболдың өз әкесі Күзембай болса, жастайынан өмірдің ыстық-суығын көріп, кезінде «еңбек торысы» атанған, адамгершілігі мол кісі болған екен. Соғыстың қиын-қыстау кезінде «бронь» арқылы ауылда қалып, колхоз басқарыпты. Ол кісінің шиеттей жас балалары бар бір жесірге жарты дорба бидай бергені үшін істі болып, отырып келгені де бар көрінеді. Бала кезінен арабша хат таныған ақсақал, кейін біржола ислам дініне бет бұрып, дүниеден өткенше молдалық құрыпты. Осындай үлкен өмір мектебінен өткен әкенің тәрбиесі далаға кетпей, перзентінің бойынан көрініс табуы, әрине, заңдылық.

«Әкем үнемі «ешқашан адамға қастық қылма, кісі ақысын жеме, біреудің ала жібін аттама» деп ақылын айтып отырушы еді. Менің үй болғанымды көріп барып, 83 жасында өмірден өтті. Ал, анамыз Дәметкен болса, бар мейірімін ағам Қайыркеш екеумізге арнаған, жүрегі жылылыққа толы, қарапайым жан еді», деп еске алады Ерекең.

Мектептен кейін ауылда «Рауан» комсомол жастар бригадасында шопан болып еңбек жолын бастаған ол ДОСААФ арқылы көлік жүргізушісі куәлігін алып, темір тұлпар да тізгіндеді. Ертелі-кеш еңбек ете жүріп, білімін жетілдіріп бір мамандықтың иесі болу керектігін де, әсте естен шығарған жоқ. Осы мақсатта, 1983 жылы Целиноград мал дәрігерлік техникумына оқуға түседі. Қартайған әке-шешесіне салмақ салмау үшін, сабақтан тыс, сол оқу орнындағы қазандықтың от жағушысы болып жұмыс та істейді. Еңбекпен ерте есейген Ерекең, ендігі кезекте «үй болмай, күй болмас» деген қағиданың қисынын келтіруді ойлайды. Сәтін салғанда, арманындағы ару қыз да алыстан емес, аралас-құралас болып жүрген көрші ауылдан кезігеді. Сөйтіп, 1985 жылы Аршаты ауылының «аршыған жұмыртқадай» аппақ аруы Бәтимамен бас қосып, шаңырақ көтереді. Негізі, Ерболды туған жеріне кіндігімен байланған азамат деп айтуға болады. Дипломы қолына тиісімен, Соналысын сағынып құстай ұшуы соның айғағы. Жас маманға үлкен үміт артқан кеңшар басшылары, оны бірден Баянбайдағы комсомол-жастар бригадасына тәлімгер ретінде жіберді. Дәл сол, өзі жеті жыл бұрын еңбек жолын бастаған «Рауанға». Бұл сынақтан сүрінбей өткен маманды, келесі кезекте Қосарал бөлімшесіне зоотехник қызметіне тағайындайды. Бұл жерде де үш жылдан артық еңбек еткен Ерболдың, жүгі ауып, көштен қалып қойған кезі болған емес.

Өмір бірқалыпты, өз арнасымен ағып жатқандай көрініп еді. Бірақ, үнемі олай болатындай жөні де жоқ екен... Тарих төріне толқынды тоқсаныншы жылдар аяқ артқанда, қиюы кеткен Кеңес Одағының шаңырағы күйреп, ортасына түсті. Сайын даланы азаттықтың самал желі желпіп, арман болған

Тәуелсіздіктің ақ таңы атты! Сонымен қатар, аузымен от бүркіп, тас шайнаған аждаһадай болып, бұрын беймәлім «нарықтық қатынас» деген құбыжық құбылыс келді қоғамға. Жоспарлы экономикаға негізделген кеңшарлардың керегесі күтірлеп, уықтары сынып, елді мекендерге тірек болудан қала бастады. Осы сәтте сарсаңға түскен басшылық, сағы сына қоймайтын Ерболды тағы бір сынаққа салуды жөн көрді. 1992 жылы Ерекең шаруашылықтың ең шалғай орналасқан Қазығұрт бөлімшесін басқаруға жіберілді. Сол кездің өзінде бұл бөлімшеде жеті жарым мың қой, мыңға жуық жылқы болған екен. Ел ырысын қайтсем еселеймін деген ер жігіт «елдің шетінде, желдің өтінде» тапжылмай, табаны күректей он екі жыл еңбек етті. Аянбады, барын салды, бәріне көнді, бірақ, бәрібір болмады. Қауға түскен өрттей болып, нарықтың сумаңдаған тілі шалғайдағы Қазығұртқа да жетті. Қолдағы бар мал күн өткен сайын «бартер» деген пәленің апанына жұтыла бастады. Бұл шын мәнінде, аса бір қиын кезең болатын. Оның үстіне Теңіз ауданын біресе Қорғалжынға теліп, біресе Нұраға беріп, екі облыстың арасына көкпарға тасталған серкедей қылып берекесін алғаны да әсер етпей қоймады. Жұмыскердің жалақысын төлеу мұңға айналды. Жанар-жағармай тапшылығынан қысқы мал азығын дайындау қиындады. Бастауыш мектеп жабылып, ауылдағы жалғыз дүкеннің жұмысы тоқтап, бөлімше электр энергиясынан ажыратылған соң байланыс та үзілді. Күндердің күнінде орталықтағы шопан балаларына арналған интернат та жабылды деген жайсыз хабар жетті.

Күнкөрістің қамы үшін өтіп жатқан күнделікті күйбең тірлік, әрине, шаршатпай қоймайды. Бірақ, қанаты қата қоймаған сары ауыз балапандары еске түскенде еңсесін тіктеп ала қоятын. Сөйтіп жүргенде, мыңжылдықтар тоғысып, ғасыр ауысып кеткенін қайтерсің. Бұл аралықта Қазығұрттың басында үркердей болып үш-ақ жанұя қалған еді. Оларды жігерлендірген Ерболдың жанкешті іс-әрекеті мен табандылығы болды. «Снегоходтың» артына жайдақ қаңылтыр шана тіркеп, аяғы жеткен жерден жұмыскердің азық-түлігі мен керек-жарағын тасыды. Бірде, айдалада моторлы шанасы сынып, жаяулап ел шетіне әрең іліккені бар. Әйтеуір, Құдай сақтап аман қалды. Ең ақырында, қасындағылары да ел ортасына қарай көшіп, Ербол Қазығұртта жалғыз үй қалды. Сөйте тұра, қарауында қожалықтың әлі де бір отар саулық қойы мен біраз қошқарлары қалған еді. Жүрегі таза, арлы азаматтың сонда да, біреудің малына қиянат жасайын деген ойы әсте болған емес. Марқұм әкесінің өсиеті солай еді ғой. Жазда шөбін дайындап, қыста жайғап, тағы екі жыл бағып берген соң, аман-есен иесіне тапсырды. «Не істеу керек?» деген күрделі сұрақ енді туындады. Басынан қанша қиындық өткерсе де, Қазығұрт адам қиып кететіндей жер емес еді. Қабырғасымен кеңесіп, өз алдына шаруа қожалығын құруды ұйғарды. Бірақ, кейінгі он бес жылда көрген бейнеті есіне түскенде, бұдан былай жапан далада жалғыз үй отырып күн көру мүмкін еместігін болжады.

Бұл – 2007 жыл еді. Көңілі көршілес Изенді ауылына ауа берді. Талай рет жолай өткенде сол ауылдың тірлігіне, заман ағымына жығылмаған жағдайына қызығатын. «Өздерінікіндей қойлы ауыл, бірақ, құпиясы неде?». Аты республика көлемінде танымал «Отқанжар» серіктестігінің ең шалғай бөлімшесі – Алакөл, осы Қазығұртпен іргелес мекен. Ақыры, бір шешімге келіп, серіктестік директоры Қанат Отарбаевқа жолығып, бар бұйымтайын айтты. Сырттай атын естігені болмаса, мүлдем таныстығы жоқ адам. «Аға, сенім артсаңыз, өз малыма қосып шаруашылықтың бір табын жылқысын бағып берейін. «Елде болса ерінге тиеді» деген, елден қара үзіп, шалғай жерде еңбек ету қиынға соғып тұр» деп ағынан жарылды. Алдына келген адамды асықпай тындайтын Қанат Жариясұлы Ерболдың еңбек жолындағы басынан өткерген бүкіл хикаятын бүге-шігесіне дейін сұрап білді. Бейтаныс болса да, бәкене бойлы, шымыр денелі жігіт ағасы сабырлы әңгімесімен өзін де баурап алғандай. Бірден есіне түскені қазақтың «қой асығы демеңіз, қолына жақса сақа ғой, жасы кіші демеңіз, ақылы асса аға ғой» деген тамаша тәмсілі болды. Бірақ, бірден сырын ашпай, «елге ел қосылса құт деген ғой, танысқаныма қуаныштымын, ендігі хабар өзімнен болсын» деп жылы қабақпен шығарып салды.

Араға апта салып Қазығұртқа Қанат ағаның өзі келді. Келді де әңгіменің тоқетерін айтты. «Ербол, қолыңнан іс келетін жігіт екеніңді байқадым, енді соны дәлелдеуіңе мүмкіндік берейін. Мына жапан далада жалғыз отырып, жылқы бағып қайтесің? Ел ортасына жақындау Алакөлге көшіп кел, басыңа баспана, малыңа жайлы қора-қопсы беремін. Жалға алған жеріңді жаз жайларсың, ал мына үйің текке қалмасын, сатып алып, құрылысқа пайдаланайын. Бірақ, уәде берсең, қоятын бір шартым бар. Біздің мына Алакөлді қалпына келтіруге енді ғана мұршамыз келіп жатыр. Бөлімше меңгерушісі етіп қояйын, осы ауылға ие бол. Оның өз шаруаңды дөңгелетуге септігі тимесе, кедергісі болмас деп ойлаймын. Алда атқарар жұмыс шаш етектен. Қолдау менен, талап пен еңбек сенен болсын. Ел қондырып, жаңа жұмыс орындарын ашып, мал басын көбейтейік» деп қысқа қайырды. Басқаны күтсе де, бұндай ұсыныс Ерекеңнің үш ұйықтаса да түсіне кірмеген еді. «Нар тәуекел, жығылсам нардан жығылайын!» деп бірден келісімін берді.

Міне, дәл осы жерден әңгімеміздің басында сөз болған әдемі ауылға қайтадан ат басын бұрайық. Енді, әрі қарай естігенімді емес, көргенімді баяндайтын боламын. Себебі, араға алты ай салып Ерекеңнің соңын ала, дәл осы шаруашылыққа қызметке университет қабырғасынан мен де келген едім.

Барлық ауылға тиген «топалаң» Алакөлді де айналып өтпеген екен. Бір кездері бір қауым ел тұрған көп-көрім ауыл қирап, көшкен елдің орнында шоқиып төрт-бес үй ғана қалыпты. Елдің еңсесін енді ғана тіктеп үлгерген шаруашылық басшысының, шөбі шүйгін, малға жайлы қонысты қалпына келтіруге білек сыбана кіріскен кезі екен. Қираған үйлердің құрылысқа жарамды материалдарын бөлек алып, орнын тазалау жұмыстары қарқынды жүріп жатты. Екеуара ақылдасып, кезек күттірмейтін басты бағыттарды айқындап алды. Еңбек бар жерде есесін жібермейтін Ерболға, өз қабілетін тағы бір мәрте сынақтан өткізудің сәті осылай түсті. Алдымен ауылды тазартуды аяқтап, іші-сыртын айнадай қылды. Күні-түні шапқылап, тыным таппайтын Ерекеңнен хал-жағдайын сұрай қалсаңыз, «бәрі жақсы, тек шаршауға қол тимейді» деп әзілмен жауап берер еді.

Ерболдың тағы бір қарымды қыры бөлімшеге сырттан жұмыскер тарту барысында көрінді. Жан-жақтағы дос-жаран, тамыр-таныстары арқылы лайықты жалақы мен орнықты жұмыс орнын таппай жүрген жандарды іздестірді. Шаруашылық тарапынан көрсетілетін көмектер мен жеңілдіктер жайында кеңінен насихаттады. Нәтижесінде, Алакөлді құтты қоныс қылуды қалайтындардың қарасы артып, шопан мен механизаторлардың қатары толықты. Бірер жыл бұрын ғана Изендіде шаруашылық күшімен салынған шопан балаларына арналған интернат ашылған екен. Оқушыларды апта сайын үйлеріне тасып тұруға автобус та бөлінген. Қыс айларында орталықпен байланыстыратын тас жолды қардан аршып тұруды да серіктестік өз мойнына алған. Іскер басшының арқасында бөлімшеге тартылған электр желісі тоналмай, аман сақталыпты. Спутниктік байланыс арқылы қалаған жеріңмен хабарласу еш қиындық тудырмайды. Әр үйге «Отау» ТВ орнатылған. Міне, осының бәрі көшіп келушілердің көңілінен шыққаны анық.

Тірнектеп жүріп, өз күшімен ауыл бүлдіршіндеріне арнап оймақтай ойын алаңын жасады. Енді, басшының алдына барып «бөлімшеге монша және шағын тойхана салынса» деген ойымен бөлісті. Ерболдың іскерлігі мен адалдығына дән риза болған Қанат аға, бірден қолдап, аз уақыт ішінде екі нысанды да іске қосты.

Бүгінде Алакөл ауылында он бес отбасы түтін түтетіп, бір қолдың саласындай жұмыла еңбек етуде. Ал басшылары болса, олардың әрқайсысының тілін таба білуде. Бірлік бар жерге береке ұялайтыны анық. Бөлімшеде 3000-ға тарта қой, 500 бас жылқы бар. Осынша малдың қысқы азығын да өз күштерімен дайындайды. Өндірістік көрсеткіштері де ауыз толтырып айтарлықтай. Жыл сайын әр 100 саулықтан тұрақты түрде 92-95-тен төл алып, әрбір 100 биенің соңына 80 бас құлын ертеді. Іс тетігін білетін ілкімді жігіт қыруар қызмет атқара жүріп, өз шаруа қожалығының жұмысын да қожыратқан емес. Есебі бөлек болғанымен, екеуінің тізгінін тең ұстап, ортақ мүддеге тоқайластыра білді. Бірде «осы жетістіктеріңіздің сыры неде, Ереке?» деп сұраған едім. Ол кісі сәл ойланып барып: «Оның ешқандай құпиясы жоқ. Жүсіп Баласағұнның «алдымен елге ортақ мүддені ойла, өз мүддең соның ішінде» деген нақыл сөзін үнемі жадымда ұстаймын. Өзіме жүктелген жауапкершілікке ешқашан салғырт қараған емеспін. Жұмыста бір нәтижеге жету үшін, бірінші кезекте сол жұмысты атқаратын жұмыскердің жағдайын ойлау керек. Өзің білесің, біздің ұжымда ол жағы дұрыс жолға қойылған. Мен бір сәт ойланып қалдым. Байқасам, менің де, он бес жыл бойы қоян-қолтық араласып, бірге еңбек етіп жүрген Ербол ағамнан үйренгенімнен әлі де үйренерім көп екен.

Еселі еңбегі ескерусіз қалған емес. «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» медалімен, бірнеше мәрте аудан әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Жыл сайынғы шаруашылық тарапынан берілетін сый-сияпат та ерен еңбегінің өтеуі десе де болады.

Биылғы тамылжыған сарша тамызда Ерекең асқаралы алпыс жасқа толған болатын. Қат-қабат науқандық жұмыстар қолға қалам ұстауға мұрша бермеді. Енді, соның сәті қара жерді қарашаның аппақ қары жапқан күні түсті. Әңгімемнің тұздығына «еңбегі ерен Ерболат ағам, осындай жан!» деген жылы лепес қосып тәмамдауды мен де жөн көріп отырмын.

Тілек ЖАҚАНТАЙ,
«Отқанжар» ЖШС бас зоотехнигі, Нұра аудандық мәслихатының депутаты

Изенді ауылы

Блогерге иланасыз ба?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Блог сөзіне әркім әртүрлі анықтама беруде. Қаракөз қазақ мамандарының ішінде журналист Төлен Тілеубай «Блог (интернет журнал, онлайн күнделік) – мазмұны тұрақты толығып отыратын жазбалардан (пост), суреттерден, мультимедиадан құралатын web-кеңістік», – деген анықтама келтіріпті. Бұл пікірді айтулы блогер Айсұлтан Жақып та қостайды. Әу баста бәрі wordpress сында «күнделік» платформалардан бастау алған. Кейінірек әлеуметтік желінің ықпалы арта бастады. Жұрт көштен қалмау үшін «жаға ұстататын» жаңалықтарды жазып, не оған пікір білдіруге көшкен. Енді

әу бастағы сауалымызға қазақ блогосферасының атасы Асхат Еркімбай қарапайым жауап бере салды. «Блогер дегеніміз – жеке көзқарасын өзінің белгілі бір ресурсында жариялап отыратын интернет қолданушы». Әлемде орташа есеппен 2 миллионға жуық блогер бар. Яғни, дәстүрлі ақпарат таратудан желілік жазбагердің ұстанар қағидасы өзгеше. Не дегенімізбен, блогтың сандық дәуірдегі бұқаралық коммуникацияның тетігі екендігін жоққа шығара салу қиын. Қысқасы тұтас зерттеуді қажет ететін ауқымды сала. Ауызекі тілмен айтқанда, «партизандық журналистиканың» кәсіби журналистикамен қандай байланысы бар дегенге мамандар ой қорытуда. Көзқарас сан алуан. Көбінеки «кез келген блогер журналист бола алмайды» деген пікірлерге саяды. Жасырары жоқ, кейде ресми БАҚ оқырманның қажетін өтей алмай қалған кезде блогосфера өкілдері іштегі «запыранды» сыртқа шығаруға таптырмас құрал.

– Блогер – азаматтық журналистиканың сардары. Қазір олар қоғамдағы түйткілді мәселелерді бүкпесіз жайып салып, кері байланыс арқылы оңтайлы шешеді. Сондықтан, әкім-қараларымыз блогерлерден ығады да тұрады. Шыны керек, осы азаматтық жолымнан «таяқ жеген» кезім көп. Мемлекетшіл азамат болу – санаулылардың қолынан келетін жалқы іс. Қайнап тұрған қоғамдық сауалдарды алға тартам деп «жексұрын» болдық. Блогер – ешкімнің саясатына байланбаған еркін суретші. Media-сарбаз.

Өзі – автор, өзі – редактор. Әлеуметтік желі – екі жүзді қанжар. Блогер – қасапшы. Қоғамды қан қақсата берген кімдерге ұнай қояды дерсіз. Білесіз бе, мобильді ақпараттың жаршысы болып жүргенімізде қастандық қылған әлдекімдер істемегенді істеді. Қызметтен қуылдық. Көрсетіндімен нақақ жалаға ұшырадық. Тіпті, көлігіміздің төрт дөңгелегін бірдей жарып кеткен кез аз болмады. Билік бізбен еріксіз санасады. Әлбетте, «тапсырысқа» жазып жүрген киберкиллерлер де баршылық. Бар мәселе жеке адамның ұстанатын позициясында, – деп қорытты сөзін Айсұлтан Жақып.

Бұл пікірмен айтулы қоғам белсендісі Бақтияр Омарханов та келіседі. Сөзінше әуел баста жұрттың мұқтажын желіде жариялай бастағанда туған-туыс, жаранның бәрі «бауырым, денің сау ма?» деген сұраулы жүзбен қарсы алатын болыпты. «Кейінірек бұл коммуникацияның жаңа түрі екендігіне көзі жетті», – дейді Бақтияр.

Төлен Тілеубай «Цифрлық жолайрық: Қазақстан газеттерінің бүгіні мен ертеңі» атты кітабында қызық статистика келтіреді. Қазір ел тұрғындарының 38%-ы жаңа медиаға сенетінін айтса, соның ішінде 18-30 жас аралығындағы азаматтардың 78%-ы толық сенеді. Ал, 31-45 жастағылардың 49%-ы осындай пікірде. Тек 60 жастан асқан азаматтардың 81%-ы теледидарға, газеттерге ғана қалтқысыз сенетіні анықталған.

Әлқисса, «нені көрсем, соны әнге қосамын» дейтіндер ендігіде жауапкершілік арқалайды. Блогерлердің заңдық тұрғыдағы мәртебесі айқындалмады. Бұл – уақыттың меншігіндегі сұрақ. 2017 жылы Қазақстанда коммуникациялық саланы реттейтін арнайы заң қабылданып, заңнамаға 200-ден астам түзету енгізілген. Нәтижесінде блогерлер қызметін бұқаралық ақпарат құралдарына теңестірмеу шешімі қабылданған. Себеп: желілік алаңдар – шетелдің меншігі. Есесіне желідегі жазбалар қадағаланбақ. Заңға қайшы келетіні бұғатталады. Бұл турасында Ақпарат және қоғамдық даму экс-министрі Аида Балаева мәлімдеген еді.

Кейінгі кезекте youtube.com арнасындағы блогерлер, вайнерлер белсенді. Белсенді дейміз-ау, олардың А.Птушкин, Ю.Дудь сынды кәнігілері миллиондаған аудитория жиып, жаһан дидарының көзайымына айналғалы қашан. Ондай платформадан қыруар табысқа да кенеліп жататынын өздері жасырмайды. Бұл жолда біздің қаракөздеріміз де қалыс қалып жатпағанға ұқсайды. Алайда, «даудың басын Дайрабайдың көк сиырынан» бастағысы келіп тұратындардың көптігі көз аштырмай тұр.

Сонымен, бұл феномен де қазақ санасына сыналап енуде. Не десек те, жаза алатындар саны мен сапасы артқан сайын қоғамның да кіл сұрапылдары сұрыптала беретіні даусыз. Тиісінше виртуалды әлемнің жасанды зердесінің артында адам тұрғанын ұмытып кетпедік пе екен осы? Көре-көре көр боп кеткен көзіміз жақсы мен жаманды айырса екен деген ой... Көңіл күйін көрмеге қойған көрнекілеріміздің көкжиегі адамзаттың алдағы күнін айқындамақ...

Түйіндеп келгенде, бізде блогер тұрмақ қазақ ғаламторы мен торапханасы турасында іргелі ғылым саласы әлі қалыптаспай тұр. Біз әлі күнге дейін блогер мен әлеуметтік желінің белсенді қолданушысын айыра алмай жатқан кембағал хәлдеміз. Қазақстан веб-кеңістікті қолдану тұрғысында жаһанның көшбасшы мемлекеттерінің қатарында болғанымен, өзінің медиа-тауары тапшы ел.

Дегенмен, әлемдік сананы сатып алған алпауыт компаниялар медиа-кеңістігінде өз дегенін жүргізетіні аян. Сондықтан, жол-жөнекей медиа-тазалық, медиа-сауат деген тіркестердің көлденең келетіні айтпаса да түсінікті. Алаңыңызда қандай ақпарат жатыр? Мән бере жүрелік.

● ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Қобызшылар топ жарды

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алматы қаласында балалар мен жасөспірімдер арасында өткен «Ұлы дала рухы» Халықаралық өнер байқауынан облысымыздың жас қобызшылары жүлделі оралды.

Байқау барысында қобызбен сазды күйлерді нақышына келтіре орындаған өнерпаздар арасынан Ақтоғай ауданының қобыз үйірмесінің оқушысы Гүлраушан Төлеген шашасына шаң жұқтырмай, бас жүлдеге ие болды. Ал, II орын Ақтоғай ауданындағы өнер мектебінің оқушысы Аружан Оралбековаға бұйырды. Сондай-ақ, Балқаш қаласындағы Балалар өнер мектебінің қылқобыз сыныбының оқушылары Аружан Марат пен Сұлужан Даниярқызы «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша қатысып, жүлделі III орынды еншіледі. Сонымен қатар, қылқобыз сыныбының жетекшісі Арай Есімова «Үздік ұстаз» номинациясымен марапатталды.

Арай Есімованың айтуынша, қобыз үйірмесінің ашылғанына бір жыл болған. Онда тоғыз бала дәріс алады. Аружан Оралбек те өте қабілетті шәкірттердің бірі. Ал, Аружанмен мен Сұлужанның қылқобыз сыныбына келгеніне үш-ақ ай болған көрінеді.

● КОНКУРС

Балалар экобайқауға қатысты

Облыстың арнайы мектеп-интернаттарының оқушылары үшінші жыл қатарынан экологиялық үгіт бригадаларының конкурсына қатысуда. Биылғы іс-шара ЭкоМұражайда өтіп, «Мақсатыңды біл» тақырыбына арналды.

Байқауға қатысушылар өздері үшін әртүрлі тапсырмаларды таңдады. Балалар жосықсыз тұтыну мен ластану салдарының зардабы мен қауіпін жеке-жеке атады. Пайым – жауапсыз экологиялық мінез-құлық тұтас елге өлшеусіз зардап тигізеді.

«Ең бастысы, интернат мекемелерінің тәрбиеленушілері экологиялық мәдениетті сақтап, өмір сүруге ұмтылады. Өзгені де осыған шақырады», – деп атап өтті құрамында журналистер мен Қарағанды экологиялық ұйымдарының қызметкерлері бар қазылар алқасының мүшелері.

Байқау қорытындысы бойынша Теміртау қаласының №8 орта мектеп оқушылары өз тақырыбын жақсы ашып, үздік деп танылды. Барлық қатысушы «Мен және Жер» жастар журналының жаңа басылымдарын сыйға алды. Ал, жеңімпаздар мен оқытушылар – «ЭкоОбраз» қоғамдық бірлестігінен кәдесыйларға ие болды.

Өз тілшімізден

● ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ

Ер Олжабай

Әр дәуірдің өз батырлары бар. Нақтырақ айтсақ, XVIII ғасырдың 20-жылдарынан XVIII ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралықта қазақтың көптеген батыры елін, жерін қорғауда жан аямай соғысып, есімін халық жадында мәңгі өшпестей етіп қалдырды. Олжабай Толыбайұлы – сондай батырлардың бірі.

Бұқар жырау өзінің жиырма тоғызыншы толғауында «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Серкеқара Тілеуке, Қарақалпақ Құлашбек, Шапырашты Наурызбай, Құдаменді Жібекбай, Сеңгібай мен Шүйкебай, Таңсық қожа Мамыт, Қасқараұлы Молдабай, Айнақұл Бати» есімдерін зор құрметпен атай келіп, «өңкей батыр жиысты, Абылай салды жарлықты», – деп түйіндейді. Бүгінгі таңда жеке мемлекет болып өмір сүріп отырғанымыз XVIII ғасырдағы осындай батырлардың ерен ерлігі мен қажырлы еңбегінің арқасы.

Олжабай батыр (1709-1785 жж.) – қазақ жерін жоңғар-қалмақ басқыншыларынан азат ету шайқастарында ерен ерлігімен танылған батыр, айтулы қолбасшы. Шыққан тегі – Орта жүздегі Арғын тайпасының Сүйіндік бұтағынан. Арғы атасы Айдабол заманында ықпалды би болған, үш жүздің дауына араласқан бедел иесі. Осы Айдаболдың үш әйелінің бәйбішесінен – Жанқозы, Малқозы, Кенжеқозы, ортаншы әйелінен – Қарақозы, Бозқозы, Аққозы, тоқалынан Қожагелді мен Тайкелтір туады. Балаларының бәрі де «сен тұр, мен атайын» әрі шешен, әрі батыр болып өседі. Айдаболдан туған Малқозы әкесіндей Алты Алашқа олжа салмаса да, өз ортасының сөзін сөйлеген дуалы ауыз болған деседі. Әрі батырлықтан да құралақан емес екен. Одан өнген Толыбай әз-Тәукенің жоталы билерінің бірі болған. Әйелі Есенбике – әйгілі Төле бидің туысқаны, үйсін Қаратайдың қызы.

Олжабай 13 жасқа толғанда, 1721 жылы әкесі Толыбай құба қалмақпен соғыста жау қолынан өледі. Академик Әлкей Марғұлан «Еңбекпен өткен өмірім атты» көлемді мақаласында болашақ батырдың бұдан арғы тағдырын тұжырымды баяндайды. Сондағы тарихи деректерге сүйенсек, жетім бала ұлы жүздегі нағашысы Қаратайды паналайды. 16 жасқа толғанда атқа қонады. Қайраты толған шағында Абылай, Қанжығалы қарт Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Дулат Өтеген батырды табады. «Орта жүз Олжабай батыр» жырында:

«Қазақтың ол заманда батырлары:
Қабанбай, Бөгенбай мен Олжабайы,
Сырымда, Малайсары, Жанатаймен,
Өмірлік жолдас болған Жасыбайы.
«Дос болған ту ұстасып екі батыр,
Деп айтар, Олжабай мен Бөгенбайды»

– деп жырлануы осыдан (Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. Т.39. 380-б.). Ата жауға айналған дұшпаннан Сыр бойындағы қалаларды азат етуге қатысады. Сондай көп жорықтың бірінде Қалдан Серенні екі қызын қолға түсіреді. Лаңба есімді сұлуды өзіне жар етіп, Лаба есімді сыңарын Бөгенбайға қосады. Жауды Сырдария, Жетісудан қуып, Жоңғар тауынан асыра қуған зор жеңістің құрметіне өткізілген тойда Әбілқайыр, Сәмеке мен Әбілмәмбет батырдың ерен ерлігі үшін «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деп ардақтаған («Егемен Қазақстан» 2002, 12 наурыз).

Ақтабан шұбырындыда қансыраған ел жаңадан қайтып Түркістанның мешітін сүйіп бір тыныш алды. Той үстінде Яссауи мешітінде көп заманнан сақтаулы тұрған алтын балдақ бүкір қылышты Әбілмәмбет Олжабайға сыйға тартады. Бұл қылыш әуелде Әмір-темір көрегендікі, ол мешітке сыйға тартқан, содан Олжекеңе мирас болады. Ол қылыш қазір Омбы мұражайында сақтаулы болуы керек. 1880 жылы оны Жаяу Мұса мұражайға апарып тапсырған (Марғұлан Ә.Х. Шығармалары Т.14 .162-б.).

Олжабай Абылайдың ту ұстаушы батырларының бірі («Ала ту» деген лақап атқа ие болған) ретінде 1735 жылы Түркістан мен Ташкентті жоңғарлардан азат ету жорығына, 1736 жылы Баянауылды Қалдан Серенннен босатқан шайқастарға қатысты. Бір күні Олжабайға Әбілмәмбет ханнан шапқыншы келіп, қалмақтың Сырын батыр бастаған қалың қолы Ертіс бойындағы Бәсентиін мен Найман ауылдарын шауып, малдарын талап жатыр деп хабарлайды. Олжабай батыр дереу аттанады. Жолда соғысып жатқан Бәсентиін Сырымбет батырға жолығады. Жау шегіне жетісімен-ақ, екі жүздей сарбазды бастап соғысқа кіреді, бірақ бірінші күні сәтсіздікке ұшырап, бірсыпыра жауынгер сарбазынан айырылады. Келесі күні айналып, қалмақтардың ту сыртынан шығып, қамсыз отырған дұшпанды тас-талқан қылады, қоңтайшының бас батыры Сырынды байлап алады. Қолбасынан айырылған қалмақ қоңтайшысы бітім сұрайды, достығын ұсынады. Олжабай ұсынысты қабыл алып, Сырынды босатады. Кейін Қалдан Серенніің шақыртуымен қырық жолдасымен барып бітім жасасып, үлкен сый-сияпатпен елге оралады.

1791 жылы Абылай шайқаста қолға түседі. Қазақтың би, батырлары кеңесіп, ханды құтқаруға жіберген қолды басқарушылардың бірі Олжабай болған. Екі жақ бетпе-бет ұрыста ол дұшпанның атақты батыры Шырышты жекпе-жекте байлап алады. Әскерінің айбыны болған Шырыштан айырылу Қалдан Серенге оңай тимесе керек. Олжабайға қарсы өзі шықпақ болады. Дәл осы оқиғаны Жаяу Мұса «Олжабай батыр» дастанында әсерлі баяндайды. Олжабай қоңтайшының қолынан мылтығын атып түсіреді. Ерлігі мен мергендігіне тәнті болған Қалдан Серен Олжабай батырға алтын жабдығымен арғымақ ат мінгізеді. Абылайды тұтқыннан босатады. Олжабай Шырышты босатады.

«Ойлап ем қақпа бұзған қандай қазақ,
Сындырып мылтығымды салдың азап.
Қан төгіскен қырғынды тоқтатайық,
Арамызда татулық жүрсін ұзақ», – деп

Қалдан Серен бітім сұрайды және бұдан былай бір-біріне тиіспеуге ант беріседі.

Тарихи зерттеулерде, М.Көпейұлы жазбаларында Олжабай батырдың 3 үлкен шайқаста («Қалмаққырылған», «Шұршіт қырған», «Талқы» соғысы) жеңімпаз атанғанын білеміз.

1741 жылы Қалдан Серен жоңғар әскерін Ертіс жағынан жіберіп, Абылайды тұтқындап, Сарыарқаны басып алуға ой жасады, ең алдымен Қарқаралы, Баянауыл даласын алуға бет бұрды. Бұл мақсаттарға жетуге кедергі еткен Олжабай батырдың осы кездегі ерлік істері еді. Оның ерлігінің ерекше көрінген жері Баянауыл баурайындағы қалмақтармен болған шайқасы. Осы шайқаста Олжабай Жасыбай батырмен бірге қалмақтардың жолын тосып жатады. Әлкей Марғұланның тұжырымдамасы бойынша, Жасыбай Сүйіндік Олжабайдың апайынан туған жиені болып келеді. Ал, жұртқа мәлім Бәсентиін шежіресінде «Бәсентиін – Бисен – Матай – Өмір – Жасыбай» деп тарқатылады. Мәшhүр Жүсіп шежіресінде де осы үлгіні қолданған. Жасыбай жасағымен Шойынкөлге өтетін асудың аузында, Олжабай Торайғыр көліне өтетін асудың аузында жатып жау қолын күтеді.

М.Көпеевтің жинағындағы аңыз нұсқалары мен Ф.Щербина, Н.Коншин, Д.Примак еңбектерінде Жасыбай батырдың Баянауылда болған шайқаста қаза тапқаны баяндалады. Ә.Марғұлан еңбегінде 1741 жылы Баянауылда болған шайқаста Олжабай, Жасыбай жасақтары жоңғарларды талқандайды. Жасыбай оққа ұшқан соң, Олжабайдың қалмақты тегісімен жойған тау «Қалмаққырылған» атанады.

Н.Коншин қолжазбасында былай делінеді: «Жасыбай Баянауыл аймағынан қалмақтарды қазақтар ығыстырған арғы замандарда өмір сүрген. Бұл дұшпандарға әлденеше рет соққы берген белгілі батыр. Бір жолы қазақтардың қолбасшы батыры Олжабайдың тапсыруымен Жасыбай батыр шағын жасақпен мың-мың қолмен келе жатқан қалмақ қоңтайшысын тауда бөгеуге аттанады. Арада кескілескен ұрыс болады. Жасыбай асқан ерлік көрсетеді, бірақ осы соғыста сауытының ашық жерінен, желке тұсынан қалмақ қоңтайшысының оғы тиіп, ол содан өледі... Қазақтар ығыса бастайды, осы сәтте қырғын болған жерге Олжабай батырдың өзі жетеді. Шатқалға қамалған қалмақтар «жан сауғалап» ұлардай шулайды. Сонда олардың қоңтайшыларына Олжабай: «Сендердің барлықтарың өлген Жасыбайдың бір шынтағына татымайсыңдар» – дейді. Және жауынгерлеріне «жауды аямаңдар» деп тапсырады. Қалмақтар бейберекет қашып, өліктері жолдың ұзына бойына шашылып қалады» (Коншин Н.Я. От Павлодара до Каркаралинска. Памятная книжка Семипалатинской области. 1901.с 36). Кейін халық қапыда кеткен есіл ердің құрметіне Жасыбайдың жау күткен асуын «Жасыбай асуы», Шойынкөлді «Жасыбай көлі» атап кетті. Ол жерлер бүгін де солай аталады.

Олжабай батыр есімімен байланысты бір тарихи әңгіме «Шұршіт қырған» оқиғасына байланысты. Бұл жер ескіше Баянауыл жерінде, бүгінгі Қарағанды облысы, Осакаров ауданына қарайды. XVIII ғасырдың орта кезінде Жоңғариядан қашып шыққан атақты Әмірсананы іздеп, Баянауыл төңірегіне бір топ қытай әскері келеді. Олар: «біріншіден, Әмірсананы тауып бер, екіншіден, әскерімізге тамақ, ат тауып бер» дейді. 1757 жылы Олжабай оларды бір жерге алдап жатқызып, тез арада әскер келтіреді, «он сан» қол жинайды. Сол арада үлкен соғыс болып, азып-тозған қытай әскерін қырады. Ол жер – «Шұршіт қырған» аталады. (Марғұлан Ә.Х. «Олжабай батыр»).

1756 жылы Олжабай батыр бастаған Баянауыл мен Ертіс аралығындағы Серектас тауында өткен қазақ-жоңғар шайқасындағы жеңіс белгісі ретінде Серектас атауы «Қалмаққырған» деп өзгертілген. М.Тынышбаев пікіріне сүйенсек, Жасыбай асуы, Шойынды – Жасыбай көлі, «Қалмаққырылған» тауы, «Шұршіт қырған» жері тек жер-су атауының тарихы ғана емес, қазақ-жоңғар майданы барысын бейнелеген соғыс картасы болып табылады.

Олжабайдың батырлығын танытқан тағы бір ұрысы – Талқы соғысы. Ә.Марғұланның тұжырымдауынша, Олжабай Толыбайұлы 1757 ж. Жоңғар тауындағы Талқы қамалында қытайлармен болған соғыста ерлік көрсетеді. Аңызда Абылай хан әскерін 3 топқа бөледі. Қалмақ қамалына барлауға шыққан кезуілші топқа бекіністегі мергендер оқ атып, Малайсары батыр белінен жараланып, батырлар шегініп кетеді. Ханның өзі ортаншы топ – тосқауылшыларды бастап шабуыл жасаса да, қорғанды бірнеше күн ала алмай жатады. Сол кезде арттағы топ – салықшылар басшысы болған Олжабай «Олжабайлап» шауып, жасақты бастап, қолының қос басынан оқ тисе де, туын түсірместен, қорған қақпасына жетіп, қақпаны бұзып, ішіне өтіп, олжаға кенеліп, Олжабай батырдың есімі «Он сан Орта жүзге ұран болады».

Әскер басы болуымен қатар, Олжабай батыр ел арасындағы билік, шаруашылық, ел басқару ісіне де ерекше қатысқан. 1739-1742 жылдары қалыптасқан саяси жағдай талабы бойынша, жоңғар ықпалын шектеу және Абылайды тұтқыннан босаттыру шараларын дипломатиялық тәсіл арқылы жүзеге асыру мақсатында Олжабай батыр Толыбайұлы 1742 жылы Әбілқайыр бастаған қазақ билеушілерінің бірі есебінде Арғын тайпасы атынан Ресей мемлекетіне қарауға ант береді. Елші ретінде Олжабайдың 1749, 1761 жылдары екі рет Орынбор қаласына жіберілуі де оның қазақ билеушілері үшін сенімді адам болғанын, әрі Ресей мен Жоңғар хандығы үшін елеулі тарихи тұлғаға айналғанын аңғартады. (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII в. (Сборник документов) С-220).

Батырлар қоғамның ішкі өміріне де белсене қатысқан. Мәселен, «Абылай аспас сары бел» оқиғасында Ботахан құнын жоқтаған Олжабай, Алтай Жиенәлі, Қозған Білікше мерген ханға қарсы шықса, Балтакерей Тұрсынбай батыр Абылайды жақтайды. Ақыр соңында екі жақты да келістіру бағытын ұстанған үшінші топ өкілдерінің: Жәнке, Жанақтардың көздеген мақсаттары орындалып, Абылай хан Арғын руы адамдарымен өзара бітімге келеді. (Олжабай аман болса – ел аман. Қар,. 2005.198-200б). Ал, бұл оқиғаның 1779 жылы болғанын қытай құжаттары көрсетеді.

Академик Ә.Марғұланның естеліктерінде Олжабайдың немере інісі Едіге бимен бірге 1762 жылы II Екатеринаға хат жазғаны атап көрсетіледі. Хатта патшайымнан Ертістің шығыс жағындағы қалың орманнан жайылымдық жер сұрағаны айтылады. Олжабай жас кезінде Түркістан медресесінде оқып, арабша жүйрік білген кісі. Сондықтан, бар жұмыс оның алдында айқын шешіліп отырады. Олжабай батырдың өз қолымен жазып қалдырған «қара кітабы» болған. Онда соғыстар жайлы әңгімеленіп, Қазыбек би, Абылай, Бөгенбай, Әмірсана есімдері жиі аталады. Батырдың жібектен жасалған «Сары ала туы» ұзындығы бір жарым метр, көлденең – 60 см, сарғылт жібектің арасында көмескілеп түсірген ақ жолдары бар, 1937 жылға дейін сақталған. Одан кейінгі ғажайып нәрсе – Қалдан Серенніің Олжекеңе тартқан үш ұлы жарлығы. Қазір ол хаттар жоғалған. Тағы бір қызық нәрсе – батырдың жай шақыратын жұмыр қара тасы. Ол тас жердегі тасқа ұқсамайды, жып-жылтыр, айна сияқты жалтырап тұрады. Демек, метеорит болуы керек. «Аса өкінішті жері – бұл қадірлі мұралар бүгінде жойылды» деп жазады Ә.Марғұлан.

Олжабай Толыбайұлы Абылайдан, Бұқар жыраудан кейін өлген (1785 ж). Ол кісіні қойған жер Ереймен тауының сыртындағы жазық, Сілеті өзенінің бас кезі. Ол жерге кейін Едіге мен Сәтиұлы Шорманды да апарып қояды. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясында ерекше жырланған Олжабай батыр. XVIII ғасырда өмір сүрген жыр дүлдүлі Сақау ақынның «Ер Олжабай» поэмасында батырдың Қытай мен Жоңғар әскеріне қалай тойтарыс бергені әсерлі суреттеледі. Батырдың Қытай қолымен шайқастары туралы жазылған тағы бір поэманың авторы – ақын, композитор Жаяу Мұса. Ол өзінің қолжазбасын 1880 жылы Қазан университетінің ғылыми кітапханасына тапсырған. Көрнекті ғалым, әрі ақын М.Көпеевтің қаламынан шыққан «Олжабай – халық қорғаны» атты баян да – тарихи құнды мұра. Әйгілі ғалым Ә.Марғұлан Олжабайдың шөпшегі болса, ақын О.Сүлейменов жетінші ұрпағы. Атақты ақын батыр бабасының «Жетінші ұрпағым өзіме тартып туады, аты кең жайылған жырау болады» деген жорамалын расқа шығарған дарын. Қарағанды облысының өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан, айтулы азамат Мырзакәрім Хақанов та өзінің батыр ұрпағы екенін мақтан тұтады. 2004 жылы Ақмола облысының Ерейментау ауданындағы ауылға батыр есімі берілді. Қарағанды қаласында батыр атында көше бар. Ерейменде «Олжабай асуы», «Олжабай сөресі» деген жерлер бар.

Бөгенбай, Олжабай, Қабанбай, Наурызбай батырлар сияқты елі үшін еңіреп туған ерлерді қастерлей біліп, тарих төрінен орын беріп, есімін ұрпақ жүрегіне ұялату – ортақ парызымыз!

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы

● МАРАПАТ

Халықаралық кинофестивальде үздік атанды

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

16 жастағы Әлихан Әбілдиннің кинодағы дебюті үлкен жетістікке ұласты. Жасөспірім «Еуразия» халықаралық кинофестивалінде үздік ер адам рөлі үшін жүлдеге ие болды.

Биылғы жылы кинофестивальде алғаш рет ұлттық байқау өтті. Мұнда соңғы екі жылда түсірілген ең жақсы 15 фильм ұсынылды. Ұлттық байқау жүлделерінің бірі Әлихан Әбілдинге бұйырды. Бозбала Яна Скопинаның «Жаз жақында аяқталады» фильміндегі басты кейіпкерді сомдап, «Үздік актер» номинациясын жеңіп алды.

Картина Қазақстанда киноайналымға шықты.

Жасөспірім кастингтен оңай өтіп, түсірілім алаңындағы ең жас актер болды. Ол кезде Әлихан 15 жаста еді. Бірақ сол кездің өзінде қандай жауапты істі мойына алғанын түсінген және Баха есімді бас кейіпкердің рөліне ену үшін барын салды.

– Маған түнде жұмыс істеу қиын болды. Кейде түсірілім кешкі 11-ден таңғы 11-ге дейін болатын. Ұйықтағым келді, бірақ өзімді жеңдім. Рөлге де бірден үйренбедім. Фильм 80-ші жылдар туралы баяндайды. Ол кезде жастар да, өмірлік құндылықтар да басқаша болды. Мен өз кейіпкеріме мүлдем ұқсамаймын. Негізі тұйық адам едім, достарым жоқ-тын. Түсірілімнен кейін керемет адамдармен дос болдым, олармен әлі де араласамыз. Сонымен қатар, кейде күнделікті өмірде Баха сияқты әрекет ететінімді байқаймын, қазір анағұрлым ашықпын, – дейді жүлдегер жігіт.

● ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ

Қарымды қаламгер еді

Бірге жүрген дос туралы қалам тербеу, әсіресе оның артынан естелік жазу дүниедегі ең қиын нәрсе. Тура сол кезде менің екі бірдей жақын қаламгер досым өмірден өтті. Әуелгі кеткені – қазақтың белгілі сатиригі, қаламы қылыштың жүзіндей өткір Көпен Әмірбеков болса, екіншісі – жасымнан бірге өскен, бір класта оқыған досым Балтабек Әбеуов еді.

Әуелде Көпен туралы жазбақ болып оқталдым. Оқталдым да – тоқталдым. Жазу стөліне отыра бастағаннан-ақ Көпеннің бейнесі көз алдыма келіп, ойым – он саққа, санам – сан саққа жүгіре жөнеледі де, не жазарымды білмей қаламын. Балтабек қайтыс болғанда да сондай күйге ұшырадым.

Ақтоғай селосындағы М.Горький атындағы №1 орта мектепте бірге оқыдық, бірге бітірдік. Балтабектің алғашқы фантастикалық әңгімесі облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне жарық көргенде тек біздің сынып қана емес, бүкіл мектеп болып қуанғанымыз есімде. Тоғызыншы сыныпта оқып жүргенде менің алғашқы «Кітабым» деген үш шумақ өлеңім сол кездегі «Арқа еңбеккері» газетінде оқу жылының басында жарық көрді. Көп ұзамай аудандық газетке оныншы сынып оқитын Дәуітәлінің бір өлеңдері басылды. Он бірінші сыныпта оқитын Тілеген Айтжановтың өлеңдері мен шағын мақалаларын аудандық газеттен жиі оқитынбыз. Сол-ақ екен оқуын жаңа бітіріп келген жас мұғалімдер, неміс тілінен беретін Төкен (Төлеуқадыр) Тыныбеков пен тарихтан беретін Елубай Адамбаев мектепте жас әдебиетшілер үйірмесін құрды. Қолына қалам алып, балауса жырлар жаза бастағандар мен жазушы боламын деп талпынғандар үйірмесіне Балтабек пен Төкен (Төлеуқадыр) Оразбеков мүше болды, одан соң Базыл Аманжолов, Торғай Бейсекова қосылды. Барлығымыз айына екі рет сабақтан соң жиналып, өлеңдерімізді оқимыз, жаңа жазғандарымызды ортаға саламыз. Жетекші мұғалімдеріміз оларды мақтаса, марқайып қаламыз, кемшілігімізді айтса, кәдімгідей көңіліміз пәс болады. Бәрі де балалық, жастық көңілден шыққан алғашқы балауса туындылар еді. Оларымыздың сапасы әр түрлі, тіпті сын көтермейтіні де болатындығы сөзсіз. Бірақ редакция қызметкерлері біздің сондай «дүниесымақтарымызды» қарап, жөндеп, іске асырып, яғни, газет бетіне басып жататын. Сол кезде қызмет атқарғандар ішінде Қасымхан Қаленов ағамыздың қамқорлығы ерекше болатын. Қолына тиген өлеңімізді болсын, мақаламызды болсын жерде қалдырмай, пайдаға асыруға үлес қосатын. Бөлім меңгерушісі болған Жұмабай Есекеев пен жауапты хатшы болған Рымқұл Сүлейменов ағаларымызға да алғысымыз шексіз.

Марқұмдардың рухы пейіште шалқысын.

Айтпағым – сол кездің өзінде Балтабектің жазғандары аудандық газетке де, облыстық газетке де тоқтаусыз шығып жатты. Бір-екі әңгімесі де жарық көрді. Кластасымыздың және бірге жүрген досымыздың осындай жетістіктеріне риза көңілімізді білдіруге тырысамыз. Ол мұны ерекше талант деп емес, жай ғана талпыныс деп түсінетін. Ол сондай қарапайым болатын, бірақ кемпір мен шалдың бетінен қақпай өсірген жалғыз ұлы болғандықтан, кез келген жерде батыл да, батым да еді. Өзіміз кіре алмай тұрған жерге Балтабекті алға салатынбыз. Біз үшін киноның кешкі сеансына кіру өте қиын шаруа болатын. Өйткені, жасымыз тола қойған жоқ, ал жақсы киноларды көбіне кешкі сеанста көрсетеді. Сондай да Балтабекті жұмсаймыз. Ол бірдеңе етіп кассадан билет алып келеді. Одан соң есіктің алдында тұратын бақылаушыдан өту одан да қиын. Досымыз оның да ретін келтіруші еді.

Досымыздың тағы бір ерекшелігі – футбол ойнауды өте жақсы көрді. Керемет жанкүйер. Бүкіл әлем футболшыларын жатқа айтатын. Өзі де жақсы ойнады. Екі мыңға тарта бала оқыған М.Горький атындағы мектептің футбол командасында ойнады. Біздің тоғызыншы кластарды («а», «б», «в» кластары) ұйымдастырып, футбол командасын құрып, өзі оның капитаны болды. Спортпен айналысқанды өте жақсы көретін және бәрімізді спорттық ойындарға қатысуға көндіретін.

Балтабек мектеп бітірісімен аудандық «Арқа еңбеккері» газетіне тілші болып қызметке кірді. Менің ойым оқуға кету болып жүрген. Қыс бойы газет басушы (печатник) Мәделхан Кәдірбековтің жанында жүріп, газет басу жұмысын үйреніп алған болатынмын. Сонымның пайдасы тиіп, шілде айында Мәделхан демалысқа кеткенде оның орнына бір ай газет бастым. Сол кезде ол редакцияда, мен баспаханада бірге қызмет атқардық. Одан соң мен оқуға кеттім де, тек демалысқа келгенде ғана кездесіп жүрдік. Кәрі әке-шешесін тастап кете алмаған Балтабек ҚазМУ-дың журналистика факультетін сырттай оқып бітірді. Өзімізбен қатар класта оқыған Орал Қасенбековаға үйленді де, кішкентайлы болып, әкесі мен шешесін мол қуанышқа бөледі. Оқу бітірген соң мен Қарағандыда қалып қойдым. Кейін Жезқазған облысы енші алып, бөлініп шыққан кезде Балтабек облыстық «Жезқазған туы» газетіне қызметке кетті. Мен әуелі Қарағанды облыстық телерадиокомитетіне қызметке тұрып, одан облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне ауысқан соң жолымыз тағы да тоғысып жүрді. Жезқазған облысы қайта қосылған соң біраз уақыт біздің газеттің сол өңірдегі меншікті тілшісі де болды. Газетке талай проблемалық материалдар жазды. Не жазса да өткір, нақты дәлелдермен, өзіне тән қаламгерлік шұрайлы тілімен жеріне жеткізе жазып отырды. Қай кезде болмасын Балтабектің жазған материалдарына шәк келтіріп, «мынауы қисынсыз екен» дегенді естіген емеспін.

Ол өмірде де өзіне тән принцип ұстанды. Ешқашан тайсақтап, төменшіктеп көрген жоқ. Оқып жүрген кезінің өзінде әділетін тіке және бетке айтатын. Сол әдетінен өмірі айнымай өтті. Сонау бір жылдары Ақтоғайда айтыс-тартыс көбейіп, бүкіл ел көтерілген шақта да сол тік мінезінен қайтпай, облыстық газет редакторының орынбасары ретінде анығын, әділін жазуды талап етіп, қаламы ұшқыр журналистерді жіберіп отырды. Кейін бұл туралы дау айтпақ болғандарға тойтарыс беріп, сол журналистердің мүддесін қорғады да.

Бұған қарап оны өзінің туған жеріне мойын бұрған жоқ деуге болмайды. Ол өзінің туып-өскен, доп теуіп ойнаған Ақтоғайын, ондағы шаңғы тепкен Шатыршасын, суына шомылған Тоқырауынын ешқашан естен шығарып көрген емес. Бұл жерлердің аттары аталғанда ерекше бір серпіліп, көзі оттай жайнап шыға келетін. Туған жерін ешкімнің Мысыр шаһарына айырбастамас еді.

Жезқазған өңіріндегі облыстық «Жазқазған туы» (кейіннен «Сарыарқа»), аймақтық «Мысты өңір» газеттерінде қырық жылға жуық еңбек етіп, өзі де қаламы қарымды қаламгер болып жетілді, соңынан ертіп, көптеген мықты-мықты журналистер тәрбиелеп шығарды. Қалам ұстағандар кейінгі інілерінің барлығынан әділетті болуды, адалдықты талап етті.

Міне, бірге өскен досымыз жайлы өзегім өртеніп, жүрегім қан жылап отырып жазып шықтым. Дос туралы өткен шақта жазудан артық азап жоқ. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, қимас досым! Енді артыңдағы жарың, үш балаң мен немерелерің аман болсын.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі,
ҚР ақпарат саласының үздігі

СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) «Арқа еңбеккері» газетінің қызметкерлері, тілші **Балтабек Әбеуов,** жауапты хатшы **Елубай Адамбаев,** газет басушы **Сүйіндік Жанысбай** редакция алдында. 1966 жыл.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Әдеби-мәдени мұра әсері

Қарағанды медицина университетінің тілдерді дамыту орталығы қоғам санасын модернизациялау бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Жаңа Қазақстан»: Халықтық рухани сана қалыптастыруда қоғам қайраткерлерінің шығармашылық мұрасының рөлі» атты студенттік ғылыми-теориялық конференция өткізді. Онлайн форматта өткен шараға университеттің бірінші курс студенттері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты.

Пленарлық отырыста арнайы шақырылған мамандар: Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор С.Рахымберлина, Г.Мейрамов атындағы орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының профессор ассистенті, PhD докторы М.Әбішева, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» білім беруді басқару саласының магистрі Ж.Қасымова, Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ-дың қазақ тілі мен мәдениет кафедрасының доценті А.Әшірбекова өздерінің соны ізденістерінің нәтижесі жайында айтты.

Конференция жұмысы «Ахмет Байтұрсынов – ұлт руханиятының алыбы», «Әуезов әлемі», «Шерхан Мұртаза шығармашылығы және тәуелсіз ел руханияты» деген үш секцияда жалғасты.

Халқымыздың әдеби-мәдени мұрасын зерделеу арқылы студенттердің тіл білуге деген қызығушылығын ояту, патриоттық сезімін қалыптастыруды көздеген бұл конференция – қазақтың ұлттық мәдениеті аспанындағы тұлғалар туралы, олардың өмірі мен шығармашылық өнері жайлы, азаматтық болмысы мен қайраткерлік қарымы туралы өзекті дүниелер ортаға салынған танымдық шара болды. Ұлттық сананың жаңа тұрпатта қалыптасу қажеттілігін әрқайсысы өз дәуірінде баса айтқан. Сол үшін өздерінің парасат-пайымын, білім-білігін сарқа жұмсаған ұлт тұлғалары жайлы жас ұрпаққа қанша насихаттасақ та артық емес. Бұл конференцияға арқау болған Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Шерхан Мұртазалар – ұлттық ілім-білім мен әдебиет-мәдениетіне түрлі кезеңде қалтқысыз еңбек еткен. Бар ғұмырын ел ертеңіне арнаған, қазақ рухани әлемінің көкжиегін өлшеусіз кеңейтіп, танымын түлеткен, тағылымын тереңдеткен ұлы тұлғалар. Осындай ел ерендерін жан-жақты тану, зерттеу – бүгінгі ұрпақ парызы.

Бағлан КӘУКЕРБЕКОВА,
Қарағанды медицина
университетінің
қауымдастырылған
профессоры

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Балаларды робот техникасына баулыған

Бүгінгі заман – робототехниканың қарыштап дамып келе жатқан заманы. Еліміздe бұл салаға ерекше деп қойылуда. Оны Қазақстандағы мектеп оқушыларының жасанды интеллект жасауға деген құлшынысынан байқауға болады.

Қарағандыдағы Жақып Ақбаев атындағы жалпы білім беретін мектепте IT технология және робототехника сыныптары ашылды. Талабы мен бейімі бар білім алушыларға арналған «Болашақ инженерлер» үйірмесі де жұмыс істейді. Робототехника саласын бір адамдай меңгерген білікті маман Дулат Ақылтаев мектептің осы салаға қызығушылығы бар оқушыларына робототехниканың қыр-сырын үйретіп еді.

Ұстазынан үйренген балалар аз уақыт ішінде талай байқауға қатысып, білімін сынға салды. Оқушылар халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде өткен байқауларда алдыңғы қатардан көрініп, бірнеше жүлделі орындарға ие болды.

Алғаш Астана қаласында өткен «Экспо-2017» инновациялық

«Табиғи жолмен қымыз пісу ғылыми жобасы» халықаралық көрме аясында ұйымдастырылған республикалық байқауда мектебіміздің оқушысы Шерхан Омаровтың бабы өзгелерден басым түсіп, үшінші орынды иеленген болатын. Бұл ұстаз Дулат Ақылтаевтың еңбегінің жемісі еді.

Дулат Сағдатұлы өмірінің соңғы күніне дейін білім саласындағы заманауи технологиялар-ды, бағдарламаларды насихаттап, жаңалықтың жаршысы болды. Өмірінің соңғы 10 жылында STEM білім беруді енгізе отырып, мектептегі оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану-ғылыми, математикалық, технологиялық сауатын арттыруға көңіл бөлді. Қазақстандық патриотизмді әр оқушының бойына өмірлік принцип ретінде қалыптастыру мақсатында робототехника бағытындағы аймақтық жарыстарға «Теңге алу», «Қыз қуу» ұлттық ойынын енгізіп, халықаралық «Roboland-2021» жарысына өзінің төлтуындысы «Теңге алу» жобасын енгізген еді.

Дулат Ақылтаев өмірден өтсе де, өнегелі өмір жолында ұрпақ үшін ұмытылмас із қалдырды.

Бүгінде робототехника саласында Дулат Ақылтаевтан ұстазынан білім алған шәкірттері ұстазын мақтанышпен еске алса, Қарағанды білім беру ұйымдарының ұстаздар қауымы Дулат Ақылтаев салған ізді жалғастыру мақсатында облыстық ауқымды іс-шара өткізгелі отыр.

Қарағанды облысы білім беруді дамыту мен оқу-әдістемелік орталығының келісімімен 2023 жылдың қаңтар айында Қарағанды қаласы Жақып Ақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде Дулат Сағдатұлы Ақылтаевты еске алуға арналған ашық робототехника турнирі өтеді. Аталмыш шараға Қарағанды облысының педагогтері қатысады.

Гүлжанат ЖОЛДЫБЕКОВА,
Жақып Ақбаев атындағы
ЖББ мектебінің кітапхана
меңгерушісі

Құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру:
Қарағанды облысы кәсіпкерлерінің назарына!
Құжаттарды қабылдау: «Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ;
Пошталық мекенжайы: 100000, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 13, 306 каб.
Электрондық пошта мекенжайы: socpr22@mail.ru,
Толық ақпаратты: Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 13, 306 каб.; немесе байланыс телефоны арқылы білуге болады: 87212/503876;
Нысанасы: 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 20-бабына және 79-4-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 қазандағы №773 қаулысына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылдың 9 қарашадағы №795 қаулысына сәйкес Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу үшін құжаттарды қабылдайды.
Өтінім берілетін жер: «Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ.
Құжаттаманы ұсыну мерзімі: 2023 ж. 10 қаңтарға дейін.

Біздің жарнама телефонымыз: 43-21-55

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы университеттің ардагер ұстазы, профессор
Қоңырхан Қаппасұлы ҚАППАСОВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстарына қайғырып көңіл айтады.

● ФОТОЭТЮД

Суретті түсірген **Еркебұлан ХАДЫЛБЕК**

● ТУРНИР

Қоржын бос қалмады

Қарағандыда Қазақ КСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ғалым Жарылғаповты еске алуға арналған XXXVIII халықаралық турнир аяқталды. Турнирде облыс құрамасының боксшылары үздік нәтиже көрсетіп жүлделі орындарға ие болды. Сондай-ақ, жалпы есепте әйелдер командасы – I орын, ерлер командасы – II орын иеленді.

Турнирге 18 салмақ дәрежесінде 139 спортшы қатысып, өз шеберлігін көрсетті. Жарыс нәтижесі бойынша қарағандылықтар облыс қоржынына 6 алтын, 3 күміс және 6 қола жүлде салды.

70 келіде жұдырықтасқан қарағандылық Жасмин Қизатова қарсыластарын жолда қалдырып, турнир жеңімпазы атанды.

– Бұл менің биылғы екінші медалім. Бұған дейін ел чемпионатында күміс жүлдеге ие болдым. Ал, бұл турнирге екінші мәрте қатысуым. Жекпе-жек алдында әрқашан уайымдаймын. Кеңес берген және қолдаған жаттықтырушыға рахмет. Жеңіс оңай болған жоқ. Қаңтар айында Азия чемпионатына қатысамын, – деді бойжеткен.

● КӨРМЕ

Суретші сыры

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайында «Думан сазы» балалар ансамблінің қатысуымен әлемге әйгілі суретші және ақын, антифашист, гуманист және қоғам қайраткері Генрих Фогелердің 150 жылдығына арналған іс-шара өтті.

Фогелер – XIX-XX ғг. аралығындағы Германия өнерінің негізгі өкілі. Оның сол кездегі неміс өнерінің дамуына қосқан үлесі зор.

Генрих Фогелер этикалық идеалдар мен адамдар арасындағы көркем қарым-қатынасы туралы арман-дайтын. Жер аудару кезіндегі суретші өмірінің қайғылы кезеңі Қазақстанмен байланысты. Талантты қыл қалам шеберінің соңғы іздері Қарағанды жерінде қалды.

Аталған іс-шара шығармашылық форматта өтті. Онда Генрих Фогелердің өлеңдері неміс тілінде оқылып, көрермендер суретшінің түпнұсқа картиналарын тамашалады.

– Қылқалам шеберінің туындылары тамашалағанды таңдандырмай қоймайды. Сурет сөйлейді деген осы. Көрмеге келіп осынау суретшінің сырға толы картиналары мен өлеңдерін тыңдап тағылымға толы әсер кештік, – дейді қонақ Жаннұр Серікова.

Сонымен қатар, кеште оның алғашқы шығармашылығы, яғни факсимильдік туындылар да, кітаптар мен фотосуреттер де көрермен қауымға ұсынылады.

● ТҰСАУКЕСЕР

Әйгілі романды қазақша сөйлетті

21 желтоқсан күні «Қасым үйінің» мәжіліс залында Қарағанды облысының Тілдерді оқыту орталығының бастамасымен қазақ тіліне аударылған Гарри Грейдің «Бір кездері Америкада» кітабы таныстырылды. Әлемге танымал романды қазақшаға аударған аудармашы – Рымбала Смаилова.

Назым ДҮТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтулы шараға Қарағанды қаласындағы жоғары оқу орындарының ғалымдары, журналистер, тіл мамандары мен кітапханашылар, сот жүйесінің өкілдері қатысты.

Гарри Грейдің өмірбаяндық романында Нью-Йорктің кедей эмигрант аудандарынан шыққан өрімдей жас балалар мектептен шығып қалып, үлкен қылмыстық топ құрады. Қылмыс жасай жүріп қарудың да бірнеше түрін қолдануға әбден машықтанып, байлыққа қол жеткізеді. Алайда, арам жолмен тапқан ақшаның қызығын көре алмай, оққа ұшады. Кездейсоқ тірі қалған кейіпкер өз басынан кешкен адам айтқысыз қиындықтарды романға арқау еткен.

Рымбала Смаилованың айтуынша аударуға алты ай уақыт кеткен. «Оқиға желісі қызық, сұхбат түріндегі сөйлемдер көп кездескен соң аудару қиын болған жоқ, ерекше қызығушылықпен аудардым», – дейді аудармашы.

Тілдерді оқыту орталығының басшысы Алмагүл Игенова осы кітапты аудару туралы идея қаладағы жеке адамның жастарға, қазақ тілін енді үйреніп жүрген азаматтарға стилі мен тілі жеңіл кітап болса деген ұсынысынан басталғанын айта келе, «Қарағанды облысы Тілдерді оқыту орталығы ересектерді оқытуымен айналысады, бізге келіп оқып жүрген жандарға қазақ жазушыларының кітаптарын ұсына алмаймыз, себебі қазақ тілін жаңа үйреніп жүргендер үшін ондағы шығармалардың тілін түсіну қиын, сол себепті «Однажды в Америке» сынды әлемге кең танылған шығармаларды қазақшаға аударып ұсынамыз. Қазір бізге балаларға арналған шығармалар, мотивациялық, психологиялық кітаптар болса деген өтініштер айтылуда, болашақта сол өтінішті орындау қамына кірісеміз. «Бір кездері Америкада» деген кітап 18 жастан асқан оқырмандарға арналған, қаладағы кітапханаларға таратылады», – деді.

Романның таныстырылымында журналист-аудармашы Сүйіндік Жанысбай, ҚарУ-дың ағылшын тілі және лингвистика кафедрасының доценты, ғалым Жаңбырбай Қағазбаев, з.ғ.д., қауымдастырылған профессор Болат Сыздық, журналист Әли Тойжігіт сөз сөйлеп Рымбала Смаилованың еңбегі мен аударма саласындағы мәселелер жайлы ойларын ортаға салды.

Айта кетейік, Тілдерді оқыту орталығы бұған дейін Марио Пьюзоның әйгілі «Крестный отец» романын журналист Сүйіндік Жанысбайдың аударуымен «Өкіл әке» деген атпен жарыққа шығарған болатын.

● БОКС

Шаршы алаңға қайта шығады

Қазақстандық боксшы, орта салмақтағы IBF, WBA және IBO нұсқасы бойынша әлем чемпионы Геннадий Головкин (42-2-1, 37 КО) келер жылдың көктемінде кезекті жекпе-жегін өткізеді. Оның қарсыласы бразилиялық Эскива Фалькао (30-0, 20 КО) деп күтілуде.

Жекпе-жек наурыз айында өтеді деп жоспарлануда. Ал, бразилиялық боксшы қаңтар айында дайындыққа АҚШ-қа аттанады. Сондай-ақ, бразилиялық боксшы Головкинмен болатын кездесу жайлы пікір білдірген.

– Жекпе-жек наурыз айының соңында өтеді деп күтілуде. Бұл IBF-тің беген мерзім болды. Мен өзіме сенімдімін. Әрі осы жекпе-жекті жеңу үшін барымды саламын, – деді ол.

Естеріңізге сала кетейік, Эскива Фалькао орта салмақтағы IBF рейтингіндегі бірінші нөмірлі боксшы. Осы жекпе-жектің жеңімпазы WBA белбеуін иеленеді. Ал, жеңімпаз осы нұсқадағы үздік боксшылардың бірі кубалық Эрисланди Лараға қарсы титулдық бой өкізеді. Кубалық боксшы титулды жеңіп алуы үшін барын салады.

● ФУТБОЛ

Рейтингтегі орнынан ығысты

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы Халықаралық футбол қауымдастықтарының федерациясы (ФИФА) жариялаған рейтингте екі сатыға төмендеді.

Жаңа рейтинг 22 желтоқсанда жарияланды. Қазақстан құрамасы жаңартылған рейтингте 115-орынға тұрақтады. Бұған дейін 113-орында болған. Жалғыз ел құрамасы емес, басқа да элиталық құрамалардың рейтингтегі орны өзгерген. Бұған дейін Бразилия, Бельгия, Аргентина, Франция, Англия құрамалары үздік бес клубтың, Италия, Испания, Нидерланд, Португалия, Дания құрамалары үздік ондыққа енген еді. Жаңа рейтинг бойынша Белгия, Италия және Испания құрамалары өз орнынан төмен түскен. Қазір Бразилия, Аргентина, Франция – үздік үштіктің қатарында. Одан кейін, Белгия, Англия, Нидерланд, Хорватия, Италия, Португалия Испания құрамалары көшті жалғап тұр.

Ал, әлем чемпионатында үлкен сенсация жасаған Марокко құрамасы 22-орыннан 11-ші орынға көтерілген.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● БАЙҚАУ

Кітапқұмар әулеттер бақ сынады

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» депті шығыс поэзиясының ірі өкілі Әлішер Науаи. Кітап оқитын отбасыларды анықтау, отбасылық оқу дәстүрлерін жаңғырту, жас ұрпақтың бойында отбасылық руханиадамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында облыстық білім басқармасы, облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес, «Бір отбасы – бір кітап» акциясы аясындағы «Оқырман отбасы» облыстық байқауының ақтық сыны өтті. Екі тілде жүргізілген байқаудың іріктеу кезеңіне 30-ға жуық отбасы қатысып, соның 15-і ақтық сынға жіберілген еді.

Іріктелген 15 отбасы «Театр қойылымы» және «Фотогалерея» атты екі санат бойынша бақ сынасты, өнері мен білімін ортаға салды.

«Театр қойылымы» номинациясында отбасылар бес минут ішінде А.Байтұрсыновтың өздері таңдап алған бір шығармасын сахналап көрсетті. Костюмдер мен реквизиттер шығарманың мазмұнына сәйкес келуіне баса мән берілді. Ал, «Фотогалерея» аталымында әр отбасы кітап оқу барысынан топтама жасап, бәйгеге қосты.

Қорытындыда, байқаудың Бас жүлдесін Қарқаралы ауданынан келген Шәріп отбасы жеңіп алды.

Ал, I орын – Бақытболат отбасына, («Озат» ММИ), II орын – Тілеуғабыл отбасына, (Саран қаласы), III орын – Әбділдә отбасына, («Нығмет Нұрмақов атындағы» ММИ), Қасеновтер отбасына, (Шахтинск қаласы), Амантай отбасына («Жамбыл атындағы» ММИ) және Алпысовтар отбасына («Дарын» ММИ) берілді.

«Өнегелі отбасы» аталымы – Омашевтар отбасына (Осакаров ауданы), «Позитивті отбасы» номинациясы – Әбдіқасовтар отбасына (Шет ауданы), «Шығармашыл отбасы» аталымы – Қалкеновтер отбасына (Қарағанды қаласы), «Ең креативті отбасы» номинациясы – Төлеубековтер отбасына (Осакаров ауданы), «Өнерлі отбасы» аталымы – Сурначевтар отбасына (Саран қаласы), «Зияткер отбасы» номинациясы – Храмовтар отбасына (Теміртау қаласы), «Еңбекқор отбасы» аталымы – Хасановтар отбасына (Шет ауданы), «Көрермен көзайымы» номинациясы – Нұрмағамбетовтер отбасына (Балқаш қаласы) бұйырды.

Жеңімпаздарға диплом, ақшалай сертификат және бағалы сыйлықтар табысталды.

Біздің сайт: www.ortalyq.kz Таралымы 6 230 Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА
Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77
Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген.
● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412
№143 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор
Жансая СӘРСЕНБАЙҰЛЫ